АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 44 (477)
3 қараша, 2022 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ, археолог:

ЭКСПЕДИЦИЯДАН СОҢ ҒЫЛЫМҒА ҚЫЗЫҒА БАСТАДЫМ

Тарих ғылымдарының кандидаты, PhD доктор Әзілхан Тәжекеев бірнеше жылдан бері Сыр бойындағы көне қалаларға археологиялық зерттеу жүргізіп келеді. Бүгінде ол Германияда білімін жалғастыру үстінде. Сан тарау құпиясын ішіне бүккен қалалар сырын сөйлеткен маманмен аз-кем тілдескен едік.

– Әзілхан Әуезханұлы, оңғымемізді сіз өскен орта, білім алған қарашаңыраңтан бастайықшы. Ғылымға деген қызығушылық қайдан басталды?

– Балалық шағым Қызылорданың іргесіндегі, Мұстафа Шоқайдың туған жері саналатын №1 Мамыр ауылында өтті. Отбасымда он баланың ортасында өстім. Мектепте орта білім алған соң, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін «археология және этнография» мамандығы бойынша тәмамдадым. Жалпы, бұл салаға ұстаздарымның кәсіби бағдары бойынша келдім. Бірақ бала кезімде археолог боламын деп армандаған емеспін. Алғашқы экспедициялардан кейін ғылымға қызыға бастадым, ал далалық зерттеулерден соң археологияға деген құрметім одан әрі арта түсті. Осыдан соң университеттің жолдамасы арқылы Мәскеу қаласында орналасқан Миклухо Маклай атындағы этнология және антропология институтына барып, аспирантурада білім алуды жалғастырдым. Сол жақта кандидаттық диссертациямды қорғадым. Ал қазір Қорқыт ата атындағы университетте қызмет жасап келе жатқанима он жылға жуық уақыт болды.

– Осы сала бойынша қандай тақырыпқа кеңінен мән беріп, зерттеу жүргізудесіздер?

– Археология – Қазақстанда енді дамып келе жатқан тарих ғылымдарының бір саласы. 2005 жылдан бері Жанкент қалашығы, Асанас, Бөбішмола, Шірік рабат ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізудемін. Сыр өңіріндегі ежелгі қалаларды зерттеп, шамамыз келгенше ежелгі қалалық мәдениетті, өркениетті терең білгіміз келуде. Сыр бойында 200-ге жуық ежелгі қала бар. Сол себепті бұл біздің басты бағытымыз болып отыр.

– Германияға келудегі мақсатыңыз қандай? Елді сағынған боларсыз...

– Германияда наурыз айынан бастап тұрып жатырмын. Бұл жаққа тубегейлі қоныс аударған жоқпыз. «Болашақ» степендиясының иегері ретінде ғылыми тағылымдамадан өтудемін. Археология саласы бойынша Еуропаның, соның ішінде Германияның осы саладағы жетістіктерімен танысып, озық зертханаларда болып, жұмыс жасап, Орта Азия археологиясы жайлы әдебиеттерінен кеңірек білім алғым келеді.

Қазақы аймақтан шыққан соң елді сағыну біз үшін қалыпты дүние. Тіпті кейде Қызылордада жүріп ауылды, Астана, Алматыға жол тартсақ Сырды сағынамыз. Оның жанында Германия алыс екенін білесіздер.

– Шетелге аяқ басу адам баласының таным көкжиегін кеңейтері белгілі. Осы орайда екі елдің айырмашылығы басым тұстарын айтып өтіңізші...

– Иә, екі елдің өзіндік ерекшеліктері жеткілікті. Неміс халқының ой-түсінігі, менталитеті басқа. Германияда еуропалық түсінік басым, яғни ешкімге сеніп артып, тәуекелге бара алмайсыз. Сондықтан бұл елге келмес бұрын тұратын орынды, қонақүйді, басқа да қажетті дүниелерді алдын ала жоспарлап алу керек. Мұндағы жергілікті халықтың уақыты өте тығыз. Олар айлық, жылдық жоспармен жүргенді жақсы көреді. Сол үшін адамдардың жеке жоспарына сәйкес жұмыс жасауға тура келеді. Қазақтар ерте заманнан көшпелі тұрмыс кешкен соң, туыстармен бірге жүру деген түсінік қалыптасқан. Ал Еуропаның отырықшы ел екені тарихтан белгілі. Сол себепті бір отбасы жеке жер иеленуші ретінде атадан балаға келе жатқан мұраға ие болады. Содан болар үйлері де көне заманнан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді.

Көбіне қандай жинды болсын бір отбасы болып қана атап өтеді. Отбасында бала сана аз, тіпті үш балалы жанұяны сирек кездестіресіз. Отбасылық құрылымға келгенде осындай үлкен айырмашылық байқалады. Қала тұрғындары уақытылы жүрумен, тазалығымен ерекшеленеді. Сол себепті олардан үйренетін пайдалы дүние көп деп айта аламын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

АЗАМАТТЫҢ АСУЫ АЛДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті журналистика факультетінің студенті, республикалық «Халық» газетінің тілшісі, белсенді жас Азамат Абимолда осы жылы түрлі дәрежедегі 3 бірдей стипендияның иегері атанып, білімі мен білігін дәлелдеп келеді. Жас өрен білім жолындағы басөкелестерінен бір саты биік тұруының сырымен, алдағы жоспарларымен бөлісті.



Білімді мыңды жығатыны белгілі. Білімі арқылы қатарластарына үлгі боп жүрген Азамат алдымен ҚР Президентінің шәкіртақысына қол жеткізді. Айта кету керек, ол өткен жылы да аталмыш стипендияның иегері атанған болатын. Биыл да Президенттік стипендия иегерлерінің тізіміне енді. Жалпы, бұл стипендия 1-курстан бастап GPA көрсеткіші «өте жақсы» (A, A-) оқитын студенттерге ғана беріледі. Сонымен қатар стипендияны иеленгісі келетін студент республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың лауреаты болуы керек. Мұнымен қоса, ғылыми еңбек жинақтары, мақалалары жарыққа шығуы қажет. Және университеттің белсенді студенттерінің қатарынан болуы да басты талаптардың қатарында. Міне, осы шәкіртақыға Азамат екі жыл қатарынан ілінді.

Сөзі мен ісі сай студент 2022 жылы «ZhaSTAR» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің аясында Нұрсұлтан Назарбаев қорының стипендиаты атанды. Стипендиялық бағдарламаның мақсаты – белсенді дарынды жастарды анықтап, студенттердің оқу, ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметін ынталандыру. 2022 жылдың 18 сәуірі мен 30 маусымы аралығында өткен бұл байқауға барлығы 293 өтінім түскен екен. Азамат Саматұлы «Өнер және мәдениет» бағыты бойынша бақ сынап, үздіктер қатарынан табылды. Байқауға 25 оқу орнынан 112 өтінім келген. Байқау бүкіл Қазақстанды қамтып, қазылар алқасы жалпы жастарды түрлі бағыт бойынша сынға салды.

Дегенмен Азаматтың үздік 35 студеттің қатарына кіріп, Нұрсұлтан Назарбаев қорының стипендиясына ие болуы – біз үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін жақсы жаңалық. Азаматтың айтуынша, бұл байқаудың құжаттарына аса ұқыптылықпен қарау қажет екен. Өйткені, бірнеше беттен тұратын құжаттарды жинап, сараптау керек екенін жеткізді.

Сонымен бірге Оңтүстік Корея мемлекетінің «Кореин Кум» фондының 500 доллар көлеміндегі бір реттік стипендиясын да иеленді. Айта кету керек, бұл шәкіртақының құжатын жинау талабы да өзгеше. Өйткені, үміткер Personal statement жазып, корей тілін білу деңгейін көрсетуі қажет. Бұлар – басты талаптар. Әрі студенттің белсенділігі мен еріктілік қызметі, қоғамдық шаралардан қалыс қалмауы да жоғары бағаланады. Оған еліміздің 20 өңірінен 130-ға жуық үміткер қатысқан. Азамат конкурстың іріктеуінен өтіп, алғашқы 30 стипендия иегерінің қатарына іліккен. Айта кету керек, оның стипендия іріктеуі үшін корей тілінде жазылған мотивациялық хатын қазылар қатысушылардың ішіндегі ең үздігі деп бағалаған.

Азамат – қазіргі таңда қаламын қару етіп, ақпарат майданына енген жас журналист, тәжірибе жинап, студенттік кезеңде-ақ өзін шыңдап жүрген маман. Ол республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз «Халық» газетінің және Halyqline.kz ақпарат агенттігінің тілшісі.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті болу – мен үшін мақтаныш. Университеттің білім алушыларға берер мүмкіндігі көп. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы шетелдегі университеттерде білім алып, қос диплом бағдарламасымен екі жақты маман болып қалыптасуға мүмкіндік бар. Түрлі стипендияларға қол жеткізуге де болады.

Биыл үш бірдей конкурстың стипендия иегері болдым. Оның бірі – ҚР Президентінің шәкіртақысын екінші мәрте алдым. Жалпы бұл стипендия 1-ші курстан бастап GPA көрсеткіші «өте жақсы» студенттерге беріледі. Сонымен қатар, биыл Оңтүстік Корея мемлекетінің «Корени Кум» фондының бір реттік стипендиясын иелендім. Бұл байқаудың шәкіртақысына қол жеткізу үшін «Personal statement», яғни корей тілін жақсы білу қажет. Осы арқылы конкурстың іріктеуінен сүрінбей өтіп, алғашқы 30 стипендия иегерінің қатарынан көріндім. Тағы да бір «ZhaSTAR» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің аясында Нұрсұлтан Назарбаев қорының шәкіртақысы бұйырды. Стипендиялық бағдарламаның негізгі мақсаты – белсенді әрі дарынды жастарды анықтау арқылы білім алушылардың ғылыми және шығармашылық тұрғыда ынталандыру. Аталған байқаулардың шәкіртақысына іліккеніме қуаныштымын. Алдағы уақытта Корей мемлекетінде білім алуды жоспарлаудамын, – дейді Азамат Саматұлы.

«Азамат сабағымен қатар, өз қызығушылықтарына да ерекше мән береді. Жұрт 2020 жылы үйде пандемия деп төрт қабырғада тамақ пен онлайн-сабақты ермек еткенде ол уақытын зая кетірмей, кәріс тілін үйреніп, Ли апайының берген тапсырмаларын орындап жүретін. Орыс, ағылшын тілдерін жақсы біледі, оған қоса бұл тілді де меңгерсе несі айып?! Сөйтіп жүріп, биыл жазда Оңтүстік Корея елшілігі ұйымдастырған «Арманыңды жүзеге асыр» байқауына қатысуға бел байлады. Оған еліміздің 20 өңірінен 130-ға жуық үміткер қатысыпты. Басты талаптарына міндеттелген құжаттарды өткізумен қатар, мотивациялық хат жазу да кіреді. Азаматқа «Тілді үйренгенінде көп бола қойған жоқ, кәріс тілінде хат жазуға шамаң жете ме?» десем, тілді меңгергенінде екі жылдай болып қалғанын айтып тұр.

Студентімнің осындай жетістікке жеткеніне қатты қуандым. Мақтаныш сезімі кернеді. Құтты болсын! Азамат десе, Азаматсың! Шығар шыңыңның басы болсын! », – дейді ұстазы Гаухарай Есімова.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚША КОНТЕНТКЕ «АШПЫЗ»

Жыл басында Ақпарат министрі мемлекеттің алдында ақпараттық жұмыс сапасын, отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі дамыту міндеті тұрғанын атап өтті. Қазақстандық интернет сегментін дамыту биылда басым бағыттардың біріне айналған.

Сонымен қатар қазақтілді интернет-ресурстарды, мультимедиалық контент пен онлайн платформаларды дамыту қажеттілігі басты шарттың бірі десек қателеспейміз. Себебі, пандемия кезеңінде біршама сала онлайн форматқа ойысқалы қазақша контенттің жетіспеушілігі, көрерменнің сұранысына сай медиа-өнімнің аздығы байқалды. Осыған байланысты өткен жылдан бері қазақ тіліндегі контентті, интернет ресурстар арқылы қазақша ақпарат таратуды дамытып жүргендер аз емес. Соңғы бірнеше жылдағы қазақ тілінің жай-күйі қалай? Өзімізге өзіміз сын көзбен қарап, сұраққа жауап тауып көрелік.

Жақында ел астанасында өткен Astana Media Week форумында Шығыс Еуропадағы TikTok Global Business Solutions директоры және TikTok Kazakhstan компаниясының басшысы Анастасия Панина әлеуметтік желінің қазақшаланатынын жариялаған болатын.

«Енді TikTok желісін қазақ тілінде пайдалана аласыздар. Компания цифрлық сауаттылықты арттыру үшін, әлеуметтік желіні тиімді қолдану үшін бұдан былай жүйеге қазақ тілін орнататын болады. Оның ресми кеңселері Астана мен Алматы қалаларында ашылады. Аталған әлеуметтік желінің әлем бойынша 800 миллионнан астам қолданушысы бар. Ал Қазақстанда көптеген адамдар оны дұрыс мақсатта пайдаланып, миллиондаған қаралым жинап, тіпті, кейбірі осы арқылы кәсібін деңгелетін отырғанын мойындау керек. Мысалы, химия пәнінің мұғалімі Ұлан Үсенов үлкен танымалдыққа ие болды. Химия туралы танымдық ақпараттарды жақсы түсіндіретіні соншалық, оның сабақтары өте қызықты, оқырманы да аз емес», – деді Анастасия Панина.

Жалғасы 2-бетте



ЖАСТЫ ҰЛҒАЙТСА, ЖАҒДАЙ ЖАҚСАРА МА?

70

60

50

Осыған дейін талай рет тартысқа түсіп, көпшілік талқысына айналған әйелдердің зейнетке шығу жасы заңмен нақтыланды. Енді елімізде әйел адамдар 61 жаста зейнетке шығады. Сондай-ақ заң жобасы аясында бала күтімі бойынша берілетін төлем мен ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ұлғайту мәселесі де қаралды. Осы орайда жаңа қаулыға қатысты халық пікірі екіге бөлінді. Бірі аталған бастаманы қолдаса, енді бірі үлкендердің денсаулығына алаңдаулы.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы аясында депутаттар заңның әлеуметтік блогына түзетулер енгізді. Нәтижесінде әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасы 61 жас деңгейінде бекітіліп, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еседен 55 есеге дейін ұлғайтылатын болды. Сондай-ақ еңбек ету қабілетінен,

асыраушысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемнен шегерім мөлшерін 55 еседен азайту мәселесі де қаралған. ЕТЖ өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдер мөлшерін азайтуды болдырмау мақсатында ең төменгі жалақы мөлшерінің 50%-на дейін зерделенді.

Қазіргі таңда әйел адамдардың денсаулығы сын көтереді деуге келмейтіні рас. Себебі ауылдық жерде тұратын, үй шарушылығымен қоса бала тәрбиесіне жауапты әйел адамдарға мемлекеттік қызметке үлгеру де оңай дүние емес. Оған кейбір өңірлердегі экологиялық жағдайды қосқанда тақырыптың күрделене түсетіні де рас. Алайда депутаттардың айтар өз уәжі бар.

– Әйелдердің зейнет жасын 58-ден 61 жасқа ұлғайтудың бірнеше себебі бар. Алдын ала зерттеулерге сәйкес, елдегі азаматшалардың денсаулық жағдайы бір болған. Біз осыған дейін Денсаулық сақтау министрлігімен бірге бірнеше талқылаулар жүргіздік. Әлі де бес жыл ішінде зейнетке шығу жасын ұлғайтудың тиімділігін зерттейтін боламыз. Егер бес жыл ішінде әйел адамдардың денсаулығы өте нашар болса, бәлкім азайтуымыз мүмкін. Бүгінде елімізде екі миллионнан аса зейнеткер бар, жыл сайын жүз мың адам осы қатарға қосылады. Оның елу пайызы әйел азаматтар. Зерделеп қарайтын болсақ, ауылдық жерлерде тұратын әйел адамдардың көбінде жұмыс пен білімі жоқ. Олар ертең зейнетке шыққанда қандай мөлшерде төлем алады? Егер қазіргідей өзгертулер болмаса, оның зейнетақысы 20-30 мыңнан аспайды. Дәл осы мақсатпен зейнетақыны кезең-кезеңімен өсіру бюджетте қарастырылып жатыр. Ең бастысы, әйел адамдардың бес баламен 53 жаста зейнетке шығу мүмкіндігі сақталады, – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Ләззат Рамазанова.

Бүгінде еліміздегі зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 109 224 теңгені құраса, 8 ай ішінде төленген зейнетақы мөлшері 1,9 трлн теңгеден асқан. Мұның өзі зейнетке шығу жасына тікелей әсер етеді дейді мамандар.

Өткен аптада қабылданған шешім тек үлкендерге қатысты емес. Енді 35 жасқа дейінгі кез келген қазақстандықты жастар санатына жатқызуға болады. Бұл жөнінде депутат Жәмилә Нұрманбетова «Заң жобасы шеңберінде қаралатын мәселелер аясының кеңеюін ескере отырып, депутаттар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс енгізді.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар «жастар» ұғымының жас шеңберін 29 жастан 35 жасқа дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулер енгізді. Бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оптимизмді, ертеңгі күнге деген сенімділік сезімін нығайтуға мүмкіндік береді. «Жастардың әлеуметтік қызметтері» және «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымдары нақтыланады» деді Мәжіліс отырысында. Жауапты мамандардың сөзіне сүйенсек, осы қаулының нәтижесінде жастар үшін мемлекеттен берілетін мүмкіндіктер көбейіп, баспана бағдарламалары қолжетімді болады және жеңілдетілген несие де жиі берілмек.

– Аталған тақырыптарға мемлекеттегі қаржы жағдайы әсер етуде. 1998 жылдан бастап зейнетақы қорына еңбекақының он пайызы бөлініп отырды. Қазіргі кезде әйел адамдардың зейнетақы қорында қаржы жинақталып, ұлғайтуы үшін мемлекет осындай шешім шығарып отыр. Жастардың жасын ұлғайту мәселесі де осы тақырыппен байланысты. Егер жастар әлеуметтік көмек алып, жұмысқа тұра алса зейнетақы қорына молырақ қаржы жинай алады. Бүгінде 35 жасқа ұзарту нәтижесінде жастар саны алты миллионнан асып отыр, – дейді экономист Ләззат Жанмолдаева.

Алайда зейнетақы мөлшері көбейген сайын қымбатшылық та қарқын алып барады. Осы ретте жағымды жаңалықтарды талқылаумен қатар тұрғындардың пікірі де ойландырмай қоймайды.

– Әйелдердің басым көпшілігі елу жасқа келгенде бірнеше диагнозбен есепте тұрады. Әсіресе, ауылдық жердегі бала күтіміне қарап, үй шаруасымен қатар жұмыс жасайтын аналарға қиын. Сондықтан ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әйел адамдарды жұмыс орнына, бейнетіне қарай зейнетке ерте шығаруы дұрыс деп ойлаймын. Қара шаруаға жегілген әйелдерді мемлекет қинамауы қажет. Онсызда қазіргідей қымбатшылық жайлаған қоғамда әзер күн көріп жүрген әйелдер аз емес, – дейді Нұрсұлу Амандосқызы.

Әзірге Үкіметтің айтары осы. Ал бес жылдықтағы әйелдердің денсаулық жағдайы болашақтың еншісіне қалдырылды.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

ҚАЗАҚША КОНТЕНТКЕ «АШПЫЗ»

Жалғасы. Басы 1-бетте

ТІКТОК ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ

TikTok желісі министрлік құзіретіне қарасты салада белсенді пайдаланылуда. Мәселен, «Bala house», «Ел бірлігі» жобалары жақсы қаралым жинап үлгерген.

Аталмыш компания ойын-сауық бағытынан интеллектуалдық, мәдени-рухани контенттер жасауға басымдық беріп отырғанын, Қазақстанмен бірлесе жұмыс істеуге әзір екенін де айтып өтті.

Маркетингтің дәуірі жүріп тұрған уақытта әлеуметтік желі – жеке парақша немесе бос уақыт өткізу тәсілінен гөрі жеке брендті дамытудың, медианың, тіпті, идеологияның қуатты қаруына айналғандай. Сондықтан барлығы көзқарастар призмасына байланысты. Әлеуметтік желіні уақыт өткізу үшін пайдаланамыз ба, әлде сөзден іске көшіп, өзіміздің көрсетіп, әр адамның айналысып жүрген ісін, қоғамға пайдасын танытатын құрал ретінде қолданамыз ба, таңдау – өз еркімізде.

БАЛАЛАРҒА БЕРЕРІМІЗ ЖОҚ

Жыл басында Астанада балалар мен жасөспірімдерге арналған Özinshe стриминг платформасы таныстырылған болатын. Балаларға арналған қазақша платформа 3400 минуттан астам контенттің лицензиялық құқығын иеленген. Әрі бұдан былай да қазақша, әлемдік ақпаратпен толыға береді.

Платформаны іске қосуға бар күшін салған «Қазақстан» телерадиокорпорациясы басқарма төрайымының орынбасары, ақын Мақпал Жұмабай балаларға арналған қазақ тілді контенттің қажеттілігін өз өмірімен байланыстырады. Оның айтуы бойынша, өзі 2010 жылы ана атанып, тұңғыш баласы өмірге келген кезде қазақша контентке байланысты қажеттілікті алғаш рет қатты сезініпті. Міне, сол кезден бастап балаларға арналған контент жасау өмірлік мақсатының біріне айналған.

«Балаларымыздың қазақы орта мен қазақша контентке аз да болса мұқтаж болмай өсуі үшін қолымнан келгенін істеуге тырысып жүрмін. Кейін балалар телеарнасының директоры болғанда осындай асыл идеяларды барынша жүзеге асыруға күш салдым. 2020 жылы әлем пандемияның құрсауында қалып, балалар үйге қамалды. «Balapan» арнасы онлайн мектепке айналды. Тұңғыш балам 10-нан асып, сүйікті балалар арнасы аясынан есіп кетті.

Он жыл бұрынғы мәселе қайта жаңғырып, жасөспірім баламның алдынан шықпасы бар ма?! Балаларға арналған контент жетіспеушілігі әбден сезілді. Осы кезде балалар мен жасөспірімдерге арналған отандық онлайн-кинотеатр жасау идеясы санамда біржола шегеленді. Балалар мен жасөспірімдер контентіне байланысты өзекті мәселелерді ішінен білетіндіктен, оны шешу жолдарын мамандар бірлесе тауып, жобаны азаматтық бастама ретінде жүзеге асыруға шешім қабылдадық», – дейді ол.

Аталған платформаны кез келген ұялы телефонға жүктеп алуға болады. «Өзіншенің» өзгелерден 4 басым тұсы бар. Ол – ең алдымен жасөспірімдер мен балаларға арналған тұңғыш онлайн-кинотеатр. Әртүрлі жас санатындағы жобаларды бір жерден әрі тегін көруге мүмкіндік береді. Жобаны қазірдің өзінде IOS және Android жүйелерінен жүктеп алуға болады.

Екіншіден, тіл үйренуге көмекші құрал. Мемлекеттік тіліміздің дамуына ықпал ететін ынғайлы медиа ресурс Үздік отандық өніммен қатар әлемдік танымал контентті дубляждап қазақ тілінде де ұсынады. Сонымен бірге платформа өз өндірісін қоса дамытуда. Сұранысқа сай контент өндіруді қолға алады. Қазірдің өзінде 2 жобасы бар.

«ҚАЗАҚША ЖАЗ» ҚОЗҒАЛЫС ТУДЫРА АЛДЫ МА?

Қазақша контентке «аш» екенімізді атап өттік. Алайда қоғамда тілдің қажеттілігі тұтынушының қолдану мәдениетіне байланысты екенін де жасыра алмаймыз. «Қазақ тілі» қазақтардың ғана емес, «қазақстандықтардың» қолданыстағы тіліне айналғанда, қарапайым қажеттіліктерді қазақша сұрай алғанымызда, қазақ тілін талап ете алғанымызда ғана мәселе шешімін тауып, аталған жайт алға ілгерілемек.

Тіпті, заң бойынша да қазақ тілі – мемлекет тілі болғандықтан, кез келген қоғамдық орында, мемлекеттік мекемелерде қазақша қызмет көрсетуді талап етуге құқылымыз. Міне, осындай мақсатпен 2020 жылы Қазақстанда қазақ тілді тұтынушының құқығын қорғайтын еріктілерден құралған ерекше қозғалыс пайда болды. Жас белсенділерден құрылған «Qazaqsha Jaz» қозғалысы түрлі компания, мейрамхана, дүкендердің желідегі парақшаларына хат, пікір жазып, сыпайы түрде қызметін қазақ тілінде ұсынуын сұрайды. Қозғалыс белсенділері бұл әдісті «тербеу» деп атап жүр. Яғни, қозғалыстың қалыптасқан бірнеше ережесі бар: тек заң аясында әрекет ету, сыпайы болу және балағат сөз жазбау.

– Қозғалысты бастаған белсенділердің бәрі зорлық-зомбылықсыз орта құруға тырысып жүрген адамдар. Сондықтан о бастан-ақ агрессивті әдіс қолданбаймыз деп шештік. Мысалы, компания парақшасындағы бір посттың астына «Дүкеніңізге жиі баратын едім. Өнімдеріңіз қатты ұнайды. Егер парақшаңызға қазақша ақпарат қоссаңыздар, өте ыңғайлы болар еді. Рақмет!» деген сынды пікір қалдырамыз. Соның арқасында бизнес өкілдерімен дос болуға тырыстық. Олар да құқықтарымыздан артық ештеңе талап етпейтінімізді түсінді, – дейді белсендінің бірі Әлия Сари.

Бірақ топ мүшелері бұл әдіс көп күш талап ететін айтады. Бір жылдық жұмыстың пайдасы шамамен 33 пайызды көрсетеді. Яғни, қазақша ақпарат сұраған компаниялардың үштен бірі ғана белсенділердің талабын орындаған. Жақында ғана «Қазақ тілі мәдениеттің тілі емес» деген «Шоколайф» компаниясының директоры Р.Мухоряповтың ұстанымы да осының дәлелі. Яғни, елдегі кез келген мекеме, кәсіпкерлік нысандары екі тілде қатар, тіпті, қазақ тіліне басымдық беру арқылы қызмет көрсетуі тиіс.

Дина БӨКЕБАЙ

Баспана мәселесі талай қазақтың бас ауруына айналғаны белгілі. Тіпті, бұл тақырыпты қаузау өнбейтін іс, бітпейтін дауға айналғандай. Мемлекет те бірнеше жыл шеңберінде аталған мәселені шешу үшін арнайы бағдарламаларды жүзеге асырып, түрлі санаттағы азаматтарға үйлі болуға жағдай жасауға көшкен. Оған қоса көпбалалы отбасыларға баспана кілтін табыстау ісі де алға жылжығаны бар. Содан болар, соңғы жылдары сәл де болса алаң сейіліп, әкімдікке сабылған жұрттың қатары сиреді.

ҮЙЛІ БОЛУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Дегенмен, әлемдік саяси ахуал мен қырғи-қабақ қақтығыс Қазақстандағы баспана мәселесін қайтадан басты орынға шығарды. Олай дейтініміз, Ресейден келген қонақтардың көбеюі ірі қалалардағы жалдамалы пәтер бағасын аспандатып, қаншама қазақстандықтың үйсіз қалуына әкелді. Баспана егесінің қойған талабы тым күшейіп, бекіткен сомасы отбасының ғана емес, елдегі орташа айлық табыстан бірнеше есе асып түскенін көрдік. Осы мәселенің бәрі көптеген отбасының жаңа бағдарламаға жүгіну арқылы үй алуға ұмтылысын ұлғайтты.

«7-20-25» АЯҚТАЛУҒА ТАЯУ

Бүгінде көпшіліктің баспаналы болуына септескен «7-20-25» бағдарламасы бітуге таяды. Ресми мәліметке сенсек, осы кезге дейін бағдарлама бойынша 701,5 млрд теңге игерілген. Қомақты қаржының көлемінен-ақ атқарылған жұмыстың ауқымын бағамдауға болатындай. Жоба жүзеге асқалы барлық өңірде мыңдаған отбасы үйлі болып, ипотека арқылы арманын орындауға мүмкіндік алды. Өкініштісі, жыл соңында аталған бағдарлама жұмысын тоқтатпақ. Себебі, мерзімі біткен, меже еңсерілген.

Алайда алаңдауға негіз жоқ. Мемлекет «7-20-25»-ке балама болатын жаңа ипотекалық бағдарламаны нарыққа шығаруды жоспарлап отыр. Алғашқы нобайы да дайын. Жақында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев ескі бағдарламаның орнын басатын жаңа бағдарламаны қолға алуға тырысып жатқанын хабарлады. Министрдің сөзінше, мемлекет алдымен халықтың әлеуметтік осал тобының баспанамен қамтылғанын қалайды. Сондай-ақ жұмыс істеп, отбасы құрып жатқан негізгі адамдар массасы туралы да ұмытуға болмайтынын тілге тиек етті. Ендігі меже – ипотека алуға ниеттілерді категорияға бөлмей, туындаған қиындыққа байланысты әр отбасына жеке мән беру. Яғни, әр отбасының цифрлық портреті құрылып, баспанаға қол жеткізу алгоритмі өзгермек.

Алдын ала мәліметке сүйенсек, несие беру мерзімі 20 жылды құрамақ. Алғашқы жарна алынатын тұрғын үй құнының 20 пайызынан кем болмайды. Үйді бірыңғай оператор кепілдік берген, салынып жатқан құрылыстан да, бастапқы нарықтан да алуға болады. Қарыздың ең жоғары сомасы өңірлерге байланысты әртүрлі. Мысалы, Астана мен Алматы қаласында – 35 млн теңгеге дейін; Ақтау, Атырау және Шымкент қаласында – 25 млн теңгеге дейін, Қарағанды қаласында – 20 млн теңгеге дейін, өзге аймақтарда – 15 млн теңгеге дейін. Министрліктің хабарлауынша, қазір тиісті органдармен және екінші деңгейлі банктермен бағдарлама шарттары талқыланып жатқан көрінеді. Сондықтан алдағы уақытта енгізілуі мүмкін.

«Заң аясында қарастырып жатырмыз. Ең бастысы, алғашқы жарнасы және қолжетімді болады. Қолжетімді ставка – 7 пайыз. Есте болса, «Баспана Хит» бойынша 12 пайыз болған еді. Қайталама нарық қатты сұраныспқа ие болды. Адамдар жаппай сатып алды, бірақ біз 7 пайыздан асырмаймыз деп отырмыз», – деді министр.

Еске сала кетейік, «7-20-25» бағдарламасы 2018 жыл іске қосылып, әлеуметтік бағдарламаның арқасында мыңдаған қазақстандық баспаналы болды. Бағдарлама бойынша бастапқы нарықтан пәтерді жылдық 7 пайызбен, алғашқы жарнаны үй құнының 20 пайызы мөлшерінде төлей отыра 25 жыл мерзімге дейін рәсімдеуге болатын. Оның үстіне, кредит тек теңгемен ұсынылды. Сондықтан жоба жас отбасылардың қаржылық жағдайының жақсаруына, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне сеп болғаны жасырын емес. Алайда, өткен жылы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова «7-20-25» бойынша қаржыландырудың тоқтатылғын мәлімдеген еді.

«Мемлекет нарық принциптеріне орын босатып, біртіндеп несиелеу бағдарламаларынан шығуы керек. Үкімет тікелей қаржыландырудан кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік тәуекелдеріне кепілдік беруге көшу мүмкіндігін қарастырады. Осыған байланысты биыл жыл басында Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімге қол қойылды. Ол бойынша Ұлттық банк 2023 жылдан бастап мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудан кете бастайды», – деген болатын М.Әбілқасымова.

Бүгінге дейін «7-20-25» аясында 54 022 несие берілген. Ұлттық банк таратқан дерек бойынша, бағдарлама аясындағы займдардың басым бөлігі Астана, Алматы және Шымкент қалаларына тиесілі екен. Бағдарлама қаржыландыру көлемі 1 трлн теңгеге жеткен кезде толық тоқтайды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің болжауынша, қазіргі қарқынмен жоба жыл соңына дейін бітуі керек.



БАСПАНА ҮШІН АЖЫРАСУДА

Жуырда әлеуметтік желіде жаға ұстатарлық жаңалықты көзім шалды. Тараған дерекке сенсек, қазақстандықтар жеңілдетілген ипотека алу үшін ажыраса бастауда. Анығында, үй алу үшін жалған, яғни құжат жүзінде ажырасуға көшкен. Әдепкіде қисынсыз әңгіме, жалған ақпарат көргеніміз рас. Алайда, «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимованың өзі аталған мәселенің өршіп тұрғанын тілге тиек еткенде сенбеске амал қалмады. Сала маманының сөзінше, азаматтар «Толық емес отбасы» санаты бойынша жеңілдетілген ипотекалық несие алу үшін осындай айла-шарғыға көшкен екен. Мұны несие беру бойынша үш жылдық кезеңнің қорытындысына талдау жүргізу барысында анықтаған.

«Өкінішке қарай, Қазақстанда отбасы құндылықтарының дамып жатқанына қарамастан, 2017 жылы 54 626 ажырасу тіркелсе, 2018 жылы олардың саны 54 797-ге дейін өсті. 2019 жылы – бес мыңға артық және 59 796-ға жетті. Коронавирус таралған кезенде, ажырасуға өтініш беру күрделене түскенде көрсеткіш 48 мыңға дейін азайды. 2021 жылы қайта өсіп, 48 239 (ажырасқан отбасы) болды. Біз жалған ажырасу себептерінің бірі адамдардың кезекке тұрғысы келуінде деп санаймыз (ипотекаға пәтер сатып алу үшін - еск.). «Толық емес отбасы» бағыты бойынша ажырасу туралы күәлік жеткілікті», – дейді Л.Ибрагимова.

Жалпы, соңғы төрт жылда «толық емес отбасы» санаты қарқынды өсуде. Тіпті, 23 қыркүйекте Үкімет толық емес отбасыларға «Шаңырақ – 5-10-20» бағдарламасы бойынша несие беруге шешім қабылдаған болатын. Мұның барлығы баспанаға мұқтаж отбасыларды балға үймелеген арадай қызықтырғаны анық. Расында аталған санатқа жататын ғана емес, кей толық отбасы да үй алудың мүмкіндігін пайдалануға тырысқан. Алайда, бұл жолы заңсыз әрекетке жүгініпті.

«Бүгінде «Толық емес отбасы» бағыты бойынша ажырасу туралы күәлік өткізгендер көп. 23 қыркүйекте Үкімет қаулысы аясында «толық емес отбасылар» санатын «Шаңырақ – 5-10-10» жобасына ауыстыру ұсынысы қолдау тапты. Мұндағы айырмашылық сыйақы мөлшерлемесіне қатысты. Әр отбасы деңгейінде айырмашылық шамамен 30 мың теңгедей болатын шығар. Мысалы, берешек 15 млн теңге болса, «Бақытты отбасы» бойынша несие алғандар алғашқы 8 жылда ай сайын 80623 теңгеден, 50% сома жиналғаннан кейін 63344 теңгеден төлейді. «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша «толық емес отбасы» дәл сондай пәтерді сәл жоғары төлеммен сатып алады. Яғни, ол алғашқы 8 жылда ай сайын 116 500 теңгеден, кейін 73 983 теңгеден төлейді», – деді Ләззат Ибрагимова.

ЖӘРДЕМЕҚЫ ӘСЕРІ

Ипотека алуға талап мығым, бақылау күшейген. Әсіресе, жыл сайын өзгеріске орын алуда. Халық та әр жолы үреленіп, тараған жалған ақпаратың анығына жете алмай әбігерге түседі. Ипотекаға қатысты тараған жалған мәлімет қатарынада жәрдемақы да бар. Яғни, «Ипотека алу үшін жәрдемақы есептеледі» екен деген хабар көптің күдігін ұлғайтып, алаңын үдеткен еді.

Алайда, көп өтпей ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Роман Скляр Мәжіліс өкілдерінің депутаттық сауалына берген жауабында нақтылады. Тараған ақпараттың шындыққа жанаспайтынын айта келе, ипотека алушының төлем қабілетін тексерген кезде жәрдемақы неге есептелмейтінін де жеткізді.

«Қазіргі таңда «Бақытты отбасы» ипотекалық бағдарламасына қатысу үшін отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген шамасынан аспауға тиіс. Қарыз алу үшін негізгі талаптардың бірі еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен соңғы 6 айда кіріс түсіп тұрған боулы керек. Сонымен қатар, азаматтар ипотекалық қарыз алуға өтінім берген кезде қарыз алушының төлем қабілетін тексеру жүргізіледі. Оның аясында жәрдемақылар негізгі кіріс ретінде есепке алынбайды.

Бұл ретте, «Отбасы банк» АҚ-ның ішкі әдістемесі бойынша жәрдемақылар кандидаттың төлем қабілетін бағалау кезінде қосымша табыс ретінде қабылданады, бұл өз кезегінде қарыз бойынша шешім шығару кезінде оң әсер етеді. Сонымен қатар кезекте тұрғандардың осы санаты коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін тұрғын үй алуға үміткер бола алады», – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Демек, азаматтарға жәрдемақысы тіршілік етіп, денсаулығын күту үшін қолдау үшін тағайындалады. Ол мөлшер қарызды өтеуге негізделмеген екен. Әрине, уәж жөн, талап қисынға жанасады. Сондықтан, жәрдемақы үйлі болуға кедергі деген қауесетке илану орынсыз.

ҮЙ АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сөз соңында маман кеңесімен бөлісу жөн секілді. Себебі, көптеген жас отбасы үшін баспаналы болуға кедергі тек қаржы мәселесі емес, жүйелі жоспардың кемдігі, сараптың аздығы. Төменде айтылған кеңес қателікті қайталамауға жәрдемдесіп, үйлі болу мерзімін қысқартуға көмектеседі деп сенеміз.

Елдің бәрі білетін жай болғанымен, алғашқы кеңес қарапайым. Ақша жинау керек. Жай ғана жинау аздық етеді. Қаржы жоспарын құру, кездесетін кедергі мен шығынды шамалау абзал. Олай жаса-масаңыз, пәтер алу арман күйінде қалуы ықтимал. Сондықтан жүйелі жоспарға маңыз беру тиімді. Мәселен, әр түскен жалақыдан 30 000 теңге жинауға мүмкіндік болса, 6 жыл ішінде бастапқы жарнаны, яғни мемлекеттік бағдарлама бойынша 20 пайыз ақшаны жинауға болады. Ал, жинай алатын ақшаңыз 50 000 теңгеге жетсе, онда жарнаның ақшасы 4 жылда толығады. 100 000 теңге мөлшерлемесін алып тастағанда, бұл мерзім 2,2 жылға дейін қысқарады. Ипотекаға алғыңыз келмесе, пәтерге қажет 15 миллионды кем дегенде сегіз жылда жинауға болады екен.

Міне, қарапайым көрінгенімен ең тиімді жоспардың бірі.

Мамандардың маңызды кеңесінің бірі – асықпау. Баспана алу бойынша кеңес беріп жүрген Дәулет Төлеутайұлының пікіріне сүйенсек, асығыстық жарға жығады. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ең ыңғайлысы – артық төлем аз шығуы үшін баспананың 50 пайызын жинау. Мәселен, «Отбасы банкте» үш жыл бойы бағалау көрсеткішін 16-дан асырса, артық төлем азаяды. Алайда үш жыл бойы жинайтындар аз екен.

«Біз барлығы тез болғанын қалаймыз. Қызбалықпен үй аламын деп бірден жарна салып, үй беремін деп жоқ болып кететін небір компанияларға жолығамыз. Кейде арты бір желі маркетингі немесе пирамида болып шығады. Алаяқтар адамның жанды жерін пайдаланады, "тезірек үйлі боласың" деп алдайды. Қаншама адам сан соғып қалды. Сондықтан үй аларда асықпай, барлығын саралап, нарықты зерттеп, жинаған ақшаңызға сай нұсқаларды қарастыру қажет», – дейді Д.Төлеутайұлы.

Бұған қоса үнемі қаржылық сауатты арттыру, қажетті лайфхактарды қолдана білу де баспанаға бастар жолдың бірі. Ізденген біліміңіз нәтижесін де риэлтор, нотариустан ақша үнемдеуге, комиссияларды қарауға мүмкіндік беретінін ұмытпаңыз.

P.S. ***Әрине, баспанаға қол жеткізу – көптің арманы. Бірі мемлекеттік бағдарламаға иек артса, енді бірі табысынан жиып-теріп үй алуға талпынуда. Қай жолдың үйлі болуға оңтайлы шешім екені әзірге беймәлім. Алайда қос амалды қолданып көрген артық етпейді. Себебі, «Үйі жоқтың күйі жоқ».***

Берен ШАҒЫРОВ

ЖАСТАРДЫҢ АЙТАРЫ БАР

Қазіргі таңда әр ауданда «Жастар ресурстық орталығы» бар. Олар аудандағы, ауыл-аймақтағы жастармен тығыз байланысты. Жастарды кәсіпке баулу, жұмысқа орналастыру, ағылшын тілі курстарын тегін оқыту секілді жұмыстарды атқаруда. Соның ішінде жалғаштық жастар сөзді іспен дәлелдеуде. Мәселен, олар ұсынған түрлі жоба ерекшелігімен көзге түсіп, мемлекет қолдауына ие болды. Жуырда ауданның тыныс-тіршілігі, жай-жапсары туралы орталық басшысы Нұржан Амандықпен тілдесудің сәті түскен еді.

– Әңгімемізді ауданда атқарылып жатқан жұмыстардан бастасақ...

– Жастардың бел ортасында жүргендіктен олардың жұмысы маған етене таныс. Бұған дейін қаншама жоба жүзеге асып, біршама жұмыс атқарылды. Алдағы уақытқа межелеген жұмыстар да бар. Мәселен, Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жалын» жастар сыйлығын беру алдағы жоспар еншісінде. Сондай-ақ «Шабыт» қоғамдық қоры және аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастыруымен аудан орталығында халық көп шоғырланған орындарда арнайы сала мамандарының қатысуымен кеңес беру шаралары, NEET санатындағы жастарды қоғамдық ортаға тарту мақсатында ауылдық округтерде аймақтық спорттық сайыстар өткізіледі. Сондай-ақ жастар және жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу үшін түнгі рейд жұмысы, нашақорлықтың зардаптары туралы жоғары сынып оқушылары арасында видеоролик байқауы, жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында сұхбаттар жүргізіліп келеді. «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры мен орталықтың ұйымдастыруымен жастар арасында әскери спорттық сайыстар, аудандық жайдарман ойындары, психологиялық семинарлар, ерікті жастар қозғалысын дамыту, жастар арасында мерекелік шаралар атап өту жұмыстары жүргізілуде. Жыл басынан бері 98 шара өткізіліп, оған 4700-ға жуық жас қатысқан. Аудан жастарының шығармашылығын дамыту мақсатында «Жастар кеші», аудандық жайдарман лигасы, ауылдың құндылықтарын насихаттау үшін «Еңбек» лагері, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ашық ақпарат көздерінен кинолар және спорттық сайыстардың тікелей көрсетілімі дәстүрлі түрде жүргізіліп келеді.

– NEET санатындағы жастар саны қанша?

– Негізі NEET жастардың үлесін анықтау қиын іс. Өйткені азаматтар өздерінің жұмыссыз екендігін айтып тиісті мекемелерге тіркелуге құлықты емес. Жастар қала мен аудан, ауылдарға келіп-кетіп жатады. Ресми түрде табысы мен қызметін айтып, тиісті мекемелерге хабар бере қоятындар да некен-саяқ. Ал жұмыссыз ретінде ресми тіркелмеген адамды статистика саласының мамандары «екі қолға бір күрек таппай жүр» деп есептемейді. Жыл басында облыс көлемінде үй-үйлерді аралап, сауалнама жүргізді. Оған біз де атсалысып, аудандағы жастар санын сараладық. Сауалнамаға 15-28 жас аралығында 4915 жас қатысып, соның ішінде 412 жас NEET санатындағы жастар екені анықталды. NEET санатындағы жастармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша: 21 жас – студент, 67 жас ақылы қоғамдық жұмыста, 27 жас – мүмкіндігі шектеулі жастар, 69 жас – тұрақты жұмыс орнында, 75 жас – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, 19 жас – жеке кәсіпкер, 38 жас – жастар тәжірибесі, 44 жас – бала күтімінде, 17 жас – көшіп кеткендер, 23 жас – үй шаруасы, 10 жас – жұмыссыз. Осы санаттағы жастарды жұмыспен қамтуға, кәсіпкерлікке тарту үшін тиісті жұмыстар жасалып келеді. Жыл соңына дейін NEET санатындағы жастардың толық мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына жұмыстар жүргізілетін болады.

– Жас кәсіпкерлерге тоқталайықшы. Жастарды кәсіпке баулу қалай жүзеге асуда?

– Өзіңіз білесіз, жастардың басым бөлігінде кәсіп ашамын деген ынта бар. Қаншасы кәсібін аз қаржымен бастап, қолға алып келеді. Біреуі тігін тігіп, тәтті тоқаштар сатумен айналысса, енді бірі пластик терезе шығару, көлік жуу орнын ашу жұмыстарын жүргізіп келеді. Жыл сайын мемлекеттен берілетін қайтарымсыз қаржыны жеңіп алып, кәсібін дөңгелетіп жатқандар бар. Биыл ол қаржының көлемі көбейді. Алғашқы ағындағы жеңімпаздар қаржысын алып, кәсібін бастауда. Қалғандары да қаржының түсуіне байланысты кәсіп санын көбейтетіні белгілі. Нақтырақ айтсақ, ауданда 527 кәсіпкер тіркелсе, оның 221-і жас кәсіпкерлер. Сондай-ақ жыл басынан ауданнан мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 109 кәсіпкер 2356,3 млн теңгеге қаржыландырылса. Оның ішінен, 9 жас кәсіпкер 37,1 млн теңгеге қаржыландырылған. Ұлттық жоба шеңберіндегі 1 225 200 теңге (400АЕК) қайтарымсыз грант бойынша 63 кәсіпкер қолдау алған, оның 60,3 пайызы жас кәсіпкерлерге тиесілі.

– Жастарда тың идея көп. Өзіңіз келгелі қандай жобаны қолға алдыңыз?

– Әрине, кез келген идеяны жүзеге асыруға болады. Десе де барлығы қаражатқа келіп тірелетіні анық. Әйтпесе, біраз шаруаны атқарып тастайтын уақыт өтті. Біршамасына тоқталар болсақ, республикалық шағын гранттар байқауына қатысып, Шәменов ауылында коворкинг орталығын аштық. Онда спортпен шұғылдануға да айтарлықтай жағдай жасалған. Сондай-ақ жалағаштық жастар «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грантты жеңіп алды. Мұнда қалай шағын грантқа қатысуға болатыны, қалай ұтып алатыны, ақшаны игеру, есептерін дұрыс өткізу секілді сабақтар оқытылады. Сондай-ақ кешкі мезгілде жастардың уақытын тиімді өткізуге арнайы жоба жасап, ұтып алдық. Жастар үшін гитара, домбыра секілді музыкалық аспаптар тегін беріледі.

– Қандай кітап оқып жүрсіз? Болашақтағы жоспарыңыз қандай?

– Кітап оқығанды жақсы көремін. Адамның жанына тыныштық сыйлайтын, көп мазаламайтын, ойдан арылтатын нәрсе – кітап. Рухани демалыс сыйлайды. Күнделікті бір сағатымды кітап оқуға арнаймын. Бұл біраздан бері келе жатырған қағида. Белгілі бір межеде бір кітапты оқып бітіруім керек. Кез келген кітапты парақтай салу маған жат. Көбіне тарихи, әдеби кітаптар оқимын. Мәселен, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер», Бақытбек Смағұловтың «Тағдыр тозағы», Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал», Бердібек Соқпақпаевтың «Өлгендер қайтып келмейді», Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарын» оқыдым. Сонымен бірге Момбек Әбдәкімұлының «Сүлеймен қаракшы» кітабын екі қайтара оқып шықтым. Өзімнің қатарластарыма да осы кітапты оқу керегін айтып жүрмін.

Алдағы жоспарға келетін болсақ, аудандағы жастар орталығының штат санын көбейту керек. Бұл алдағы жылдың еншісінде. Жастармен тығыз жұмыс істеуде маман жетіспей жатады. Қаншама шаралар өтеді, семинарлар бар, сауалнама жүргізу секілді бастамалар бар. Сонымен бірге ауданмен ғана шектелмей, шалғай ауылдарды да қамту керекпіз. Олармен қазіргі таңда да тығыз байланыс орнатылған.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Мөлдір САБЫРЖАН

САЛАДА СЕРПІН БАЙҚАЛАДЫ

Соңғы кездері аймақта мал шаруашылығында серпін байқалады. Десек те төрт түлікке қатысты мәселе де жоқ емес. Аудан, ауылдарда жұқпалы аурулардың саны көбейіп, малдың өліміне әкеп соғуда. Мәселеге байланысты мал дәрігері Жомарт Қуанышұлымен тілдесіп, сан сауалға жауап алдық.

– Жомарт Қуанышұлы, өңірде жұқпалы аурулардың қатары көбейіп, мал шаруашылығының өркендеуіне кері әсері тиюде. Жалпы аса қауіпті ауруларымен күресте қандай жұмыстар жүріп жатыр?

– Мемлекеттік бағдарламаларының орындалуы, ветеринарлық қызмет көрсету сапасын жақсартуы мал ауруларының азаюына тікелей байланысты. Эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық қызметіне тиесілі. Аудандардағы барлық ауылдық округтерде ветеринариялық пункттер бар және олар ветеринар мамандармен толық қамтамасыз етілген. Басты міндетіміз – эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау және аса қауіпті экзоотикалық ауруларды болдырмау. Экзоотикалық аурулар деп шет мемлекеттерден келетін ауруларды айтады. Бұл орайда, әсіресе тағамдық тұтынатын өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды. Мысалы, Жаңақорған ауданында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау үшін аса қауіпті 14 түрлі жұқпалы ауруларға қарсы бөлінген ветеринариялық препараттар толық жеткізіліп, егу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар мүйізді ірі қара малының тейлериозы мен пираплазмозы, уақ малдың бауыр құрты, түйенің трипаносомозы, жылқының гастрофилезі мен сақауы секілді әнзоотиялық ауруларға қарсы дәрі-дәрмектер сатып алуға облыстық бюджеттен қаржы тұрақты түрде бөлініп келеді.

– Жұқпалы дерттің салдарынан мал шығыны да жоқ емес шығар...

– Биыл алғашқы жартыжылдықта энзоотиялық аурулар, травматикалық жағдайлардан, улану, ас қорыту жүйесі, зат алмасу жүйесі аурулары, сонымен қатар, жол-көлік оқиғалары, ауа-райының қолайсыздығынан туындаған табиғи апатқа байланысты 13 мүйізді ірі қара, 88 бас уақ мал, 4 бас жылқы, 1 бас түйе өлім-жітімге ұшырады. Ал негізінде ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аса қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген жоқ.

– Қорадағы малға жұқпалы ауру таралмауы үшін шаруалар не істеуі керек?

– Ауруларды болдырмау тек ветеринар мамандарының ғана ісі емес. Жануар иесі ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес, уақытылы вакцинация салдырып, диагностика жасатуға, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге міндетті. Сонымен қатар, қора-жайларды таза ұстап, жем-шөп сақтауда қоршаған ортаның ластануына жол бермей, зоогигиеналық талаптарды сақтауы тиіс. Сонымен бірге жануарларды сатып алғанда, сойғанда немесе сатуға өткізгенде, сойғаннан кейін ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай сатуға, обьектілерге ветеринариялық тексеру жүргізуге кедергі келтірмеуге міндетті. Оған қоса төл алғанда, жануарлар ауырған жағдайда ветеринария саласындағы мамандарға хабарлауға тиіс.

– Мал шаруашылығында бірдейлендіру шаралары қолға алынуда. Бұл жұмыстар қалай жүруде?

– Бірдейлендіру – ветеринарияның негізгі әліппесі. Мал иелері қорасындағы төрт түлік малына уақытылы вакцина ектіруге, диагностикалық тексерту жүргізу және бірдейлендіруге аса мән беруі қажет. Заңда көрсетілген талаптарға сай жылқы малына таңба, ал басқа малдарға сырға салынуы тиіс. Таңбалау мен сырға салу біздің міндетімізде. Ал чип салдыру мал иесінің келісімімен, өз қаржысына салынады. Таңба басу салдарынан малда механикалық жарақат, күю, іріңдеу, шошыну сынды т.б жағдай орын алады. Бүгінгі таңда жылқының төлдеріне чип орнатуда. Егер терінің астына чип салып енгізсе, әлгіндей жағдай орын алмайды. Таңба, чип, сырға салынған жануарлар ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор (ИСЖ) базасына тіркеледі.

– Бүгінде қаңғыбас ит пен мысық зардабына байланысты қоғамда шағым күрт көбейді...

– Дұрыс айтасыз, бұл үлкен мәселеге айналып отыр. Әлеуметтік желілерде де көп көтеріледі. Заң талаптарына сәйкес, қаңғыбас (ит, мысықтар) жануарларды аулау жүзеге асырылмайтыны көрсетілген. Аталған заңға сәйкес, бүгінгі таңда қаңғыбас ит-мысықтарды аулап жоюға заң жүзінде рұқсат жоқ. Сонымен қатар жануарларға қатыгездік көрсету ӘҚБтК-ның 407-1-бабы және ҚР ҚК-ның 316 бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соқтыратыны көзделген. Үйдегі ит пен мысықты қоғамдық орындарда серуендету ережеге сәйкес болуы керек. Мысалы, көбісі ауласында итін босатып жібере салады, ал ол біреуді тістеуі, қауіп алып, зақым келтіруі мүмкін. Тоқетерін айтқанда, иесі итке ие болуы керек.

– Ветеринарларды қандай мәселе мазалайды?

– Мал иелері бірдейлендіруге қатты мән беруі керек. Осы мақсатта ветеринар мамандар үй мен қораны жағалап жүреді. Әркімнің жауапкершілігі артұрлі. Келіскен уақытта үй иелері болмай қалады. Кірген жағдайда қорадағы мал түгел болмай шығады. Сұраса, өрісте жүр дейді. Бір күнде бітіретін шаруаға екі-үш күнін жоғалтып жатады. Алыс ауылдарда құмның арасында жатқан малдарын жасыратындар да бар. Терт түлік малдар сырғаланбаса немесе таңбаланбаса, есепте жоқ болып табылады. Мал иесі бірдейлендіруден өткеннен кейін барып ауыл шаруашылығы саласындағы көмек алуға толық мүмкіндігі болатынын ескерген жөн. Мал иелері жануарларын уақытында, толық жинақтамау салдарынан, аса қауіпті жұқпалы және энзоотиялық ауруларға қарсы алдынала егу, диагностикалық тексеруге қан алу жұмыстарын жүргізу барысында қиыншылықтар орын алуда.

– Әңгімеңізге рақмет!

Ерасыл ШӘРІБЕК

СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Сырдария ауданындағы Қоғалыкөл ауылында «Балалар жылы» аясында шын таланттың шығармашылығын, ой-өрісін, қабілетін дамыту бағытында облыстық суретшілер байқауы өтті. Сән және қолтаңбалы өнер шебері, КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ләтипа Қожықованың 130 жылдығы аясында Қоғалыкөл ауылдық клубының ұйымдастыруымен өткен «Өмірі үлгілі – өнері өнеге» байқауына 9 қылқалам шебері қатысты.

Облыстық байқауда 8-14 жас аралығындағы балалар өзара бақ сынады. Екі кезең бойынша шеберлік байқасқан суретшілер қатарында қоғалыкөлдік Әсет Қуаныш, қармақшылық Дильназ Тынышбекова, шиелілік Айбек Насихат, Айзере Құралбаева, жалағаштық Айнұр Құдайқұл, Салауат Ібайділда, ақжармалық Асылжан Әлайдар, қызылордалық Жандос Мұхтаров, аманкелділік Ақнұр Базарбай бар. Алғашқы кезеңде суретшілер өнер шебері Ләтипа Қожықованың портретін салды. Ал еркін тақырыпта салынған суретте олардың шығармашылық әлеуеті сан қырынан байқалды. Суретшілердің туындыларына аудандық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы Әбдірайым Тоқаяқов, №44 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Ләззат Бакирова мен Жанкерім Қосжанова бағасын берді.

Қоғалыкөлдік дарын иесі дәріптелген байқау қорытындысы бойынша жүлделі III орынды қоғалыкөлдік Әсет Қуаныш пен қармақшылық Дильназ Тынышбекова, II орынды шиелілік Айзере Құралбаева, I орынды аманкелділік Ақнұр Базарбай иеленді.

АҚЫН АРДАҚТАЛҒАН КҮН

Биыл белгілі ақын, Қазақстан және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері Жетіскен Мәкеналының дүниеге келгеніне 70 жыл толды. Сыр өңірінің рухани-мәдени және қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік дара қолтаңбасы қалған тұлғаның мерейтойына орай Жетіскен Мәкеналының атына көше беріліп, ақынның есімі ұлықталды.

Көшенің ашылу салтанатында аудандық мәслихат хатшысы Бақытжан Жарылқап, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов, қоғам қайраткері, Арал, Қазалы және Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы Нажмадин Мұсабаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов қатысып, естелікпен бөлісті.

Ардақты азаматты ұлықтауға арналған шара Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығында «Нұрлы ғұмыр» атты әдеби-сазды кешке ұласты. Тағылымды шарада Жетіскен Мәкеналының бала шағынан бастап еңбек жолынан ерекше қойылымдар қойылды.

Аудандық «Қазалы» газетінің бас редакторы Есет Табынбаев ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп орындаса, өнерпаздар Жетіскен Мәкеналының сөздеріне жазылған әндерін әуелете шырқады.

СЫР БАСПАСӨЗІНІҢ САҢЛАҒЫ



Өткен аптада «Достық» үйінің мәжіліс залында «Сыр баспасөзіндегі 1960-1980 жылдар: редактор Қалқабай Әбеновтің рөлі» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов «Қаламгер-қайраткер Қалқабай Әбеновтің өмір жолы мен қайраткерлік қарымы» тақырыбында баяндама жасады. «Журналистік шеберлік және дәстүр сабақтастығы» тақырыбында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев баяндады.

Ал «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер Одағының облыстық филиал төрағасы Аманжол Оңғарбаев «Сыр бойы» газеті және деректер дәйегі тақырыбында редактор еңбек еткен жылдардағы тарихи оқиғаларға тоқталып, оған қосқан редактордың үлесін айрықша атап өтті.

ҚАЗАҚ-КОРЕЙ: МЕКТЕП ПЕН ЕМХАНА САЛЫНАДЫ

Екі ел арасындағы байланыстың 80 жылдан астам тарихы бар. Қызылорда облысына Кеңес заманында депортацияланған корейлердің ұрпақтары қоныстанып, тату-тәтті өмір сүруде. Атажұртпен байланысын үзбей, ұлтаралық ынтымақты нығайтуға күш салуда. Корея тарапы да мұндай қадамға құлықты екенін білдіріп, араға жыл салып, ресми өкілін Сыр еліне аттандырды. Бұл жолы да үрдіс үзілмеді. Жуырда аймаққа Корея Республикасы Парламентінің Депутаты У Вон Сик бастаған делегация өкілдері арнайы келіп, өңір тынысымен танысты. Сапар барысында делегация облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесіп, аймақ үшін маңызды бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді.

Әңгіме барысында облыс әкімі Сеул қаласында орын алған қайғылы оқиғаға байланысты Корея халқына аймақ тұрғындары атынан көңіл айтып, оқиға салдарынан жараланғандардың сауығып кетуін тіледі. Сондай-ақ ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастық орнағанын, алдағы уақытта да тиімді әріптестік аясы кеңейе түсетініне сенім білдірді.

«Елімізде әр этностың өз тамырынан ажырамай, тілі мен ділін сақтауына барлық жағдай жасалған. Корей бауырларымыз өздерінің адал еңбегімен аймақтың мәдени-рухани, аграрлық және әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлестерін қосуда.

Қазақтар да, корейлер де Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жақсы түсінеді. Бұл ретте, Кореяның азаттығы үшін күрескен бірегей тұлға, нағыз батыр Хон Бом Доны атап өтпеске болмайды. Тағдырдың жазуымен өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде өткізген батырдың құрметіне Қызылорда қаласында мемориал тұрғызылып, оның есімімен қала көшесінің бірі аталды. Екі ел Президенттері арасындағы келісімге сәйкес Кореяның ұлттық батыры Хон Бом До сүйегін тарихи отанына қайтару рәсімі өткізілген болатын. Бұл – Қазақстанның корей жұртына деген шынайы ықыласы мен зор құрметінің белгісі», – деді облыс әкімі.

Корей ұлтының Сыр өңірімен тарихы тамырлас. Өткеннің шырғалаң жолы мыңдаған корей азаматын Сыр өңіріне әкеліп, халықпен өтене байланысуға итермеледі. Қос ұлт бір-біріне қолдау білдіріп, барын аямай еңбек етті. Әсіресе, күріш өсіру ісінде қоян-қолтық жұмыс істеу нәтижесінде өңірдің даму динамикасын ілгерілеткенін білеміз. Міне, биыл Қазақстан Республикасы мен Корея арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасқанына 30 жыл толуда. Осы аралықта казақ-корей халықаралық қатынасы жаңа деңгейге көтеріліп, сенімді достық нығая түскен.

Кездесу нәтижесінде қос тарап Меморандумға қол жеткізді. Келісімге сәйкес, Қызылорда қаласында орналасқан Хон Бом До мемориалдық кешеніне қайта жаңғырту және бірқатар білім беру ұйымына 173 компьютер табыстау жүзеге асырылмақ. Аймақ басшысы делегацияның бастамалары үшін алғыс білдіріп, алдағы уақытта өңір үшін маңызды жобаларды бірлесе жүзеге асыруды ұсынды.

Атап айтқанда, қаланың сол жағалау аймағында дарынды балаларға арналған физика-математикалық мектеп және емхана құрылысын салу үшін кореялық компаниялар шақыру туралы ұсыныс жеткізді. Оған қоса Хон Бом До топырағы қайта жерленген Тәчжон қаласы мен ауыл-шаруашылық саласы дамыған Чоллабук-до провинциясымен ынтымақтастық орнатуға ниет білдірді.

Өз кезегінде У Вон Сик ортақ ұсынысты қабыл алып, екіжақты байланысты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді және мектеп, емхана құрылысын жүргізуге қолдау білдіретінін баса айтты. Ал, келесі жылдың қыркүйегінен бастап іргелі оқу орны Қорқыт ата университетінен арнайы IT бөлім ашуға мүдделік танытты.

P.S. ***Ынтымақ – ырыс бастауы. Көршімен ғана емес, алыстағы жұртпен де тату болу елдің өрісін кеңейтіп, келешегін кемел ететіні сөзсіз. Осы орайда Сыр өңіріне келген қонақтардың қолға алған бастамасы өңір дамуына үлес қосары анық.***

ҚЫСТАН ҚЫСЫЛМАЙ ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қыс келсе, қиындық та килігеді. Ол аздай, су деңгейі, мұз қату, жол жайы секілді мәселелер ел-жұрттың алаңын үдететін анық. Олқылықтың салдарынан емес, себебімен күресудің мәнін түсінген жауапты мекемелер жағдайды бақылауға алуға асығуда. Түрлі деңгейдегі жиындар өтіп, саладағы салмақты мәселелер қозғалып келеді. Аталған тақырыпқа байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысын да осы санатқа жатқызуға болады.

Аймақ басшысының төрағалығымен өткен басқосуда облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Жандос Еркінбек ықтимал су тасқынының алдын алу мәселелері бойынша атқарылуға тиіс жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, өңірде мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында қорғаныс бөгеттері мен су шаруашылығы нысандарының ахуалы зерттелуде. Оған қоса жөндеу, күшейту және қалпына келтіру жұмыстары да назарға алыныпты. Аймақ басшысы су деңгейі толысып, мұз қату кезінде қауіпсіздік шараларын сақтап, ең қауіпті деген тұстарды алдын ала анықтауды уақытылы жасауды тапсырды. Бұл ретте қажетті техника мен құрал-жабдықтарды әзірлеуді тиянақты түрде орындау керек екенін алға тартты.

Отырыста қысқы мұз ұстасу кезеңінде су деңгейі көтеріліп, елді мекендерге, инфрақұрылымға су басу қаупі туындауы ықтимал Арал, Қазалы, Қармақшы ауданының әкімдері баяндама жасады. Сондай-ақ, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы мен «Қазсушар» РМК басшылығы қазіргі су тоғандарында қалыптасқан жағдайды жеткізсе, «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры алдағы қыс мезгіліндегі ауа райы болжамын сипаттады.

Комиссия отырысында қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі мәселесі де қаралды. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қайрақбаев пен «ҚазАвтожол» мекемесінің басшысы Ерұлан Жүнісов баяндама жасады. Аймақ басшысы қысқы уақыттағы төтенше жағдайлардың басым бөлігі автожол бойларында орын алатынын қаперге салып, алдағы уақытта ескерілуі тиіс мәселелерді тізбектеді. Оның ішінде, «Қызылорда-Жезқазған» трассасы бойындағы ұялы байланыстың болмауы, автожол бойындағы қар басу қаупі бар учаскелерді қардан тазалау үшін арнайы техникалар және жылыту бекеттері дайындығы және аймақтағы қалқымалы көпірлердің жағдайы бақылауды қажет етеді. Осыған орай, алдын-ала арнайы техника мен жылыту бекеттерінің дайындығын пысықтап, төтенше жағдайдан зардап шегушілерге көмек көрсету үшін қажетті буйымдарды әзірлеу тапсырылды. Сондай-ақ, жауапты мекемелерге халықты қауіпсіздік шаралары туралы кеңінен ақпараттандыру бойынша міндет жүктелді.

Басқосуда айтылған мәселенің барлығы алда кезігуі ықтимал олқылық. Сондықтан әрбір маманға жүктелген міндет пен тапсырылған жұмыс мыңдаған адамның өмірі мен мүлкін сақтап, экономикалық шығынның алдын алуға жол ашады.

Бетті дайындаған Берен ШАҒЫРОВ

АҢШЫНЫҢ ҚЫЗЫ

Әйелі кіші қызына жүкті кезінде Арыстанбек «осы жолы ұл болар» деп қатты дәмеленді. Аяғы ауырласа болды қабағы кіржиіп, астан қалып, тамақтың иісінен лоқсын жүретін келіншеті осы жолы бұл түз кезіп, қаңжығасын майлап келгенде, олжасын жалмажан бірге тазаласып, етін асыға отқа қақтап жей бастағанда алғаш рет «ұл болады» деген ой қылаң берген. Бұрындары «басым айналды», «белім ауырды» деп отырып қалатын жарының атқа ырғып мініп, мал қайырып, ер адам атқаратын шаруаны бұған қаратпай өзі-ақ дөңгелентіп тастап жүргенін көргенде ішкі сенімі арта түсті.

Шанудың жүкті кезінде аяқ–қолы жеңіп, көңілі тоқ жүргенінен өзгеше ой түйген Арыстанбек қана емес еді. Неше жыл бойы іргелері ажырамаған көрші апасы Оразгүл де «Әйел бойға ұл бітсе қанат біткендей ұшып жүреді, қыз бітсе ішкен-жегенін құсып жүреді» деп, емексітіп қойған. Шындығында да жүрісі ширақ, күн өткен сайын жүзі нұрлана түскен Шанудың өз күйіне ризалықпен күлімсіреп тұратыны, кербез, әсем аяқ алысы еріксіз сүйсінтетін. Содан да болар «Аудан орталығына барайық, дәрігерге көріну керек» деген келіншегіне алғашында «Аттай шауып жүрген адамға дәрігердің қажеті не?» деп қалжыңдаған. Одан кейін де бір-екі рет «Күн жылысын. Қақаған қыста мал-жанды кімге тастайсың?» деп ыңғай бере қоймаған.

...Толғақ қысып, бебеулеп жатқан әйелін көргенде сонысына іші удай ашып, өкінді. Екі қызын оп-оңай туа салған әйелі ұшіншісін де қиналмай босанады деген сенімде еді. Бұлай азаптанарын кім білген?.. Қап! Қап! Әттең, Әттең...

Ыңқылдап жатқан әйеліне жақындап келіп, дудырап босап кеткен шашын саусақтарымен тарақтады. Жүрегі атқақтап, айтарға сөз таппады. Өйткені... жанын қорғаған жер таппай, аласұрып, араша сұрағандай өзіне жалбарына қараған әйелінің көзінен бұған дейін ешқашан байқамаған үрейді көрген еді...

Толғақ басталысымен үлкен қыздарын босандырып алған көрші апасын алдыртқан. Оразгүл апа да қартайған ба, әлде жай-күйі болмай тұр ма, қимыл-қозғалысы сылбыр, бұрынғыдай батыл сөйлеп, еркін қимылдамайтындай көрінді бұған...

Уақыт та өтпей қойды. Бастапқыда толғақ қысқан ананың ышқына шыңғырған даусы жиі естіліп еді, бірте-бірте ол да бәсеңси бастады. Үйді төңіректеп, айналшықтап жүрген Арыстанбек мұны өзінше жақсылыққа жорып отыр еді. Бекер екен. Есіктен сүріне-қабына шыққан көрші апа: «Шырағым, дәрігер шақыр. Жағдайы төмендеп барады...» дегенде есі шығып кетті.

Күн бата жеткен дәрігерлер үйге кірген сөз де біршама уақыт өтті. Қас қарайып, айналаны түнек басты. Бұл болса үйге кіруге жүрегі дауаламай сыртта отыра берді. Түрлі ойдың жетегінде, әйелінің денсаулығына мән бермегеніне, дәрігерге қаратпағанына, босануға аудан орталығына апармағанына өкініп, «а, Құдай, өзің жар бол» деп, білетін дұғаларын қайталағаннан басқа амалы қалған жоқ.

Бір кезде «іннң-гәә», «іннң-гәә» деген дауыс құмыға естілгенде жүрегі дір ете қалды. Іле-шала нәрестенің «мен келдім ғой!» дегендей, қаттырақ шығып, айналаны жаңғырықтырған зор даусы құлағына жеткенде «барылдаған даусыңнан!», «ұл!» деген ойдан кеудесін қуаныш кернеді. Дүниеге келген нәрестенің бір ғана «іңгәсі» бар уайымын ұмыттырып, үйіне қарай жеделдете қадам басты. Есікті айқара ашып, «Шану!» деді шаттана дауыстап.

Дәрігерлердің кінәлі жандай жалтақтап қарағанынан, көрші апаның сыбырлай сөйлеп жылағанынан шошып кетті... Буын-буыны босап, жаялықта аяқ-қолы ербендеп, іңгәлап жылап жатқан қызын бауырына басқан күйі отыра кетті.

* * *

Арада біраз жылдар өтті. Арыстанбек өзі сияқты бір мұңлықпен бас қосып, екеуі қоңыр тіршілік кешті. Армандаған ұлды да болды. Бірақ балаларының бәрінен де үшінші қызын елжірей жақсы көретін. Тұр-келбеті Шануынан айнымайтын, жүріс-тұрысы, мінезі, тіпті даусы да өзіне тартқан. Қимылының әбжілдігінен бе, көп жұрт сырттай ер бала деп ойлап, бұл бірде күлкілі, бірде ренішті оқиғаларға әкеп соқтырып жатушы еді. Әзі де қыз бала болып сызылуды білмейтін, ойын айта салып, «ал, не істейсің?» дегендей басын шалқақ ұстап қарап тұратын, ал қатарластары ашуына тисе, алыса кетіп, алып ұратын Жайнадан ауыл балалары ығып ести.

Дегенмен оның ешкімге орынсыз соқтықпайтыны да бәріне аян-ды. Әсіресе, өзінен кішілерге әлімжеттік жасамайтын еді. Сөйткен мақтаулы қыз бірде Оразгүл апасының немересін жылатып қойыпты. «Өзінен көрсін» деді себебін сұраған әкесіне дүңк етіп. Қасарысып, тіл қаттай бірнеше күн жүрді. Себебін үлкен қызы айтты: «Тіліне ие болсын. Жайнаға «шешесін жұтқан жетімек» депті ғой» деп жылап жіберді. Арыстанбектің жүрегі сыздап кетті. Тағдыры бір, ортасы екі жылатқан қызын үнсіз бауырына басып, қыстыға өксіді. Содан қызын қасынан тастамайтын болды.

Өсе келе аңшылыққа шыққанда да Жайнаны өзімен бірге алып жүретін әдет тапты. Тұзақ құрып, қақпан қойып, нысана көздетіп үйретті. Өз баласын өзі білмейді екен. Ұғымтал, зеректігіне, ұзақты күнге созылатын жортуылдарында қыңқ етпейтін төзімділігіне таң қала да сүйсіне жүріп, табиғат аясында қызын басқа жағынан таныды: сырт қарағанда дөкірлеу көрінетін Жайнасының жаны жұмсақ, жүрегі мейірімді екен. Тұзаққа түскен құстарға будан бұрынырақ жетіп: «Ақымақ–ау, абайлап жүрмейсің бе?» деп сөйлей жүріп, босатып жіберетінін көргенде жүрегін әлдебір сезім елжіретіп, көз жасын сығып алатын...

* * *

Басқалар сияқты сәнденіп киінбейтін, жиын-той, қыдыру дегенге мән бермейтін қызы бой жетіп, жасына жас қосқан сайын «осы күйеуге шықпайтын шығар» деп уайымдайтын болды Арыстанбек. Жігіттердің де көп үйірілге қоймайтынын байқаған әке қызының болашағын ойлап, осы жолға – саятшылыққа қызықтырғанына өкінсе де, өзінің ол әлемге арбалып қалғаны анық. Ара-тұра қызы туралы ой мазалайтыны болмаса, өз басы тылсым табиғатпен оңаша жүріп сырласатын, мұңдасатын әлемінде ұмыры жеткенше жүре беруге кетәрі емес-ті.

Саятшылықтың да өзіндік қызықтары мен жазылмаған қағидалары бар. Әдетте, даланы аппақ қар басқанда, көнігі аңшылар, қиқуы естісе байлауда тұра алмайтын тұлпарлардай делебелері қозып, үйде отыра алмайды. Осындай, аңшылар бір-біріне хабарласып, құрал-саймандарын дайындап жатқан күннің бірінде үйге асығып-аптығып кірген Жайна жылы киімдерін жол сөмкесіне сала бастады. «Жол болсын!» деген әкесіне «Бір топ жігіттпен бірге аңшылыққа баратын болдым» деді жайрандай күліп.

Арыстанбек шошып кетті. «Қайда?», «Немен?»

– Ой, әке, қам жеменіз, қар үстінде жүретін мықты моторлы шаналары бар. Қарулары сайлы. Қабан атуға барамыз дейді. Қызық емес пе?

– Қабанға бару өте қауіпті, қызым... Ол – аса жүйрік әрі қуат-қайраты зор ең, бетпе-бет баруға ер адамдардың өзінің жүрегі дауаламайды...

– Бара көреміз, әке... Қашанғы тир атып жүре берем? 10-дыққа тигіздім деп мақтаның? – деді Жайна күле сөйлеп.

«Осыны үйір етіп нем бар еді?» деп тағы өзін іштей жеді Арыстанбек. Бірақ қызының алған бетінен қайтпайтын мінезін біледі, сондықтан енді оның бас амандығын қамтамасыз етуді ойлады.

– Жұрттың қолындағы қару – сенің қаруың емес. Жүр, өзіңе мылтық алайық.

Жайна әкесін құшақтай алды.

* * *

Арыстанбек қару сататын дүкеннен тандап жүріп, қосауыз мылтық алды. Сосын бір ой келді де Жайнаны сол маңдағы тирге ертіп апарып: «Қане, жаңа кіл 10-дыққа тигізем» деп ең ғой, көрсетші өнерінді,– деді.

Жайна нысананы асықпай көздеп, бірнеше рет оқ атқан соң нұсқаушы қағазды әрі тандана, әрі сүйсіне қарап, алып келді. Айтарға сөз таба алмады ма, әлде ең жоғары мақтауы сол ма: – «Супер!», – деді Арыстанбек мақтана тіл қатты: – Менің қызым!

* * *

Аңға шыққан он шақты жігіттің осалы жоқ сияқты. Бұрын қабан атуға шыққандары ол аңның аса иісшіл, сезімтал екенін, мүйіз азуымен жеңіл көліктің доңғалағын жарып жіберетінін, кей кезде тіпті адамға шабатынын айтып отырды. Жайнаның бойы титіркеніп кетті.

Аңшылар әуелі бірнеше сағат тіқұшақпен ұшып, қалың орманның ортасындағы алаңқайға қонғанда қар үстімен сырғи жүрген жол талғамайтын көлік алдарына келіп тоқтай қалды. Аппақ қар басқан орманның сұлулығына көз тоймайды. Жайна әр жерде түскен аң-құстың ізін танып тұр: әкесі мұны орман мен даланың, тау мен көлдің тілін түсінуге үйреткен.

Қарсы алдарынан шыққан еңсегей бойлы жігіт келгендермен қол алысып амандасып жатып, ер адамдардың арасындағы жалғыз қыздың алдында сәл кідіріп, жылы жымиып «Қош келдіңіз!» деді. Сосын анадайда тұрған үйін нұсқап, ыстық шәй ішіп, бой жылытып алуды ұсынды. Бұл – салт басты, сабау қамшылы тұрмысына қарай былайғы жұрт «саяқ Сағидолла» атандырған осы жердің қорықшысы болатын.

Қорықшының үйі Жайнаға ерекше әсер етті. Әсіресе, есіктен кірген адамға біреуі азуын білеп, біреуі мүйізін төсеп, тағы біреуі сояудай тырнағын безеп тұрған түрлі аңдардың мүсіндері мен қабырғаға жартылай жабыстырылған бастарын көргенде денесі дір ете қалды. Айқыш–ұйқыш мүйізін ауырсынып, басын әзер көтеріп тұрғандай бұғының жартылай мүсінінің жанында кідірген Жайна өзіне тақай берген қорықшыдан: «Осының бәрі өзіңіздің олжаңыз ба?» деп біртүрлі үркектей сұрады.

Сағидолла қыздың неден шошынып тұрғанын түсінген болуы керек, жадырай күлді: «Қайдағы? Кейбіреуін аңшылар сыйлаған, кейбіреуі арнайы тапсырыспен жасалған...». «Тапсырыспен?» «Иә, туристерді тарту үшін, мәдени саятшылыққа қызықтыру үшін арнайы шеберлерді тартып, осындай шағын үйлер жасақталады...» Мына сөздерінен кейін бағаналы бері томсырайып тұрған бойжеткеннің жүзіне күлкі үйірілгенін көріп, қорықшы оған сүйсіне қарады...

Бойларын жылытып, сыртқа шыққан бұларды қар басқан орман ішімен біраз алып жүрген жол бастаушы Сағидолла әр жерден екі адамнан қалдырды. Сөйтсе, бұл да бір амал екен: әуелі анды қуалап қоршауға әкеп тығу үшін осылай істеледі деп түсіндірді Жайнаға жігіттердің бірі. Бәрін жұптап, белгілі бір арақашықтықта қалдырғаннан кейін жол бастаушы мұны көліктің қасына алып келді:

– Сіз, қарындас, мына көлікті күзетесіз...

– Кешіріңіз, мен күзетшілікке емес, аң аулауға келдім!

– Ренжіменіз, қарындас, байқаймын, сіз мұндай үлкен науқанға бірінші рет қатысқалы тұрған сияқтысыз... Бұл жолы бойыңызды үйретіңіз. Келесі келгеніңізде міндетті түрде қосылласыз... Әзірше суретке түсірсеңіз де болады... фотоаппаратты бекер әкелген жоқсыз ғой.

– Мен өмір бойы әкеммен бірге жүріп, аң-құс аулағанмын...

– Оған күмәнім жоқ. Тәжірибесіз адамдар мұндай науқанға келуге жүрексінеді. Сізге айтайын дегенім, қабан деген – айлакер аң. Оның мына көлікке келіп, тарпа бас салуы да мүмкін... Сондықтан мылтығыңыз оқтаулы, дайын болсын!

Осылай деп жымия күліп, көлік қасында қалдырып кеткен жол бастаушының ізінен ызалана қараған Жайна орманға қарай беттеді.

Қолында мылтығы, мойнында фотоаппараты – омбы қарды кешіп келе жатып ішінен: «Аңға келіп, көліктің ішінде отыратын адамды тапқан екенсің» деп ызалана ойлады.

Шоқ тоғайға кіре бергенінде құлағына иттердің өршелене үргені, адамдардың ысқырығы мен қиқулаған айқайы жетті. Қашқан андардың жаңұшырған дыбыстары мен тұяқтарының дүбірі жақындаған сайын Жайнаның тынысы тарылып, бойын бұған дейін белгісіз бір сезім – қорқыныш биледі... Қалт тұра қалып, келесі сәтте алды–артына қарамай, көлікке қарай зыта жөнелді. Жеткен бойда көлікке қарғып мініп, жан–жағына қарап «yh!» дегені сол еді, орманнан ақ қарды бората шапқан қабандардың өзіне қарай беттегенін көзі шалды. Зәре-құты қалмады. Алақ-жұлақ етіп жан-жағына қараған: көз жетер жерде ешкім жоқ екен.

Жайна не істегенін өзі де түсінбей, оңтайлап ұстап отырған мылтығын қоя салып, мәшинеге дереу от алдырып, беті ауған жаққа құйғыта жөнелді...

Көлігі асау ат сияқты жұлқа тартып, ойпаң-қырлы жерлерден ырғып өтіп, біраз жүйіткіді. Жайна ұзап кеткенін сезсе де жүрегіне ұрлана кірген қорқыныштан арыла алмай, тағы біраз жүрді. Айқай–шу артта, ну орман ішінде қалып, кішігірім әуежайдай алаңдағы әлдебір төбешіктің етегіне жеткенде ғана есін жиып, бір–ақ тоқтады.

Айнала тым–тырыс. Тыныштық бойдағы қорқыныштан арылта бастағандай. Жайна біраз қимылсыз отырды. Сосын сіресіп қалған қол-аяғын қозғады. Жүрек қағысы да қалпына келгендей болды. Енді қайтам деп көлігін бұра бергенде қарға жаңа түскен бұғылардың ізін көрді: ірілі– ұсақты іздерді көзбен қуалап еді – олар анадайда екіге бөлініпті. Ол өзінің адасып кеткенін ұмытып, екі көзін тарам-тарам іздерден алмай алға басты. Кішкентайынан әкесінің қасында жүріп, хайуандар әлемінің сырына қаныққан қыз бұғылардың мұны адастыру үшін жасаған айласын түсіне қойды. Бойында әлдебір құмарлық оянып, дереу көлігіне от алдырды. Ойы – бұғыларды қуып жетіп, аңшы жігіттерге олжамен оралу.

Із кесіп біраз жүрді. Андар да әккі екен – із бірде жоғалып, бірде ойламаған жерден пайда болып біраз әуреге салды. Бірақ Жайна сонда да ойынан қайтпады. Көлігін тоқтатып, жан-жағына бажайлай қарады. Кенет... көз ұшында бірдеңе көлбең еткендей болды. Қыз демін ішіне тарта қойды. Көліктен түсіп, әр адымын еппен басып, әлгі жаққа бөтеді.

Біршама жүрген соң бұта қауалап өскен төбешіктің ар жағынан әлдеңе қозғалғандай болды. Алғашында бұған құлаған бөрененің бұталары сияқты көрінген. Келер сәтте бөрене деп тұрған нәрсесі тағы да қозғалып «бұталар» шайқатыла жоғары көтерілді де... шаңырақтай ауқымды мүйіздері бар үлкен бұғы бұл жаққа елегзи көз тікті. Жайна мына ғажайып көріністен аузы ашылып, тына қалды.

Орман тағысын таяу жерден көргені осы еді. Әкесінің бәйгеге қосатын жарау атындай бұғы сұлу мүсінді екен. Кербездене бұрған бұлшықты мойны қандай – анау айқыш–ұйқыш мүйізді асқақ көтеріп жүру үшін жаралғандай... Ал көздерінде әлдебір қорқыныш тұнып қалғандай. Бұл бұқпантайлап жатқан жаққа еленді қарап, орманның арғы бетіне қарай мойын созады. Жайна да сол жаққа көз тіккен. Көз ұшында өзінен бойы қалқыңқы ғана аласа төлін алға салып, бұғы маралы артқа жалтақтай-жалтақтай ұзап бара жатты. Енді бәрі де түсінікті болды: шаңырақ мүйізді кербез бұғы солардың ұзап кеткеніне көз жеткізгісі келгендей... Соны ұғып, қыз жүрегі шым ете қалды.

Сол-ақ екен, Жайна әлгінде, ізге түскен кездегі бұғыны атып алып, қасындағы жігіттерге өзінің қандай аңшы екенін көрсетіп, мақтанғысы келген ойынан айнып қалды: өз жұбы мен төлі үшін өлімге басын тігіп тұрған аталық бұғыны оққа байлағысы келмеді. Мылтығын тастай салып, мойнына ілінген фотоаппаратын қолына алды.

Тап соны күтіп тұрғандай бұғы басын кербездене бұрып, бұған қарады. Тұп-тұнық, қап-қара жанарларында жұбын, ұрпағын аман алып қалып, жаны тынышталған, «еркек тоқты – құрбандық» екенін түсінгендей салмақтылық бар. Тұла бойын әлдебір діріл билеген Жайна көз жасын жұтып: «О, Алла!» деді сыбырлап.

Фотоаппаратының фокусын келтіріп жатқанда бұғы әлденеге селт ете қалып, көз ілеспес жылдамдықпен биік төмпешіктен бір–ақ ырғыды. Неше жыл бойғы әуес ісі болғандықтан қыздың кәнігі болып қалған саусағы түймешені бір сәт бұрын басқанды: фотоаппараты ызылдатып әлденеше кадрды алып үлгірді.

Суреттер тамаша болып шығыпты: бұғының мүйіздерімен көк тірегендей қасқиып тұрған кезі де, тұнжыраған жанарлары да, аспанға ырғыған сәті де, тіпті орман тағысының тұғанын бұрқыраған қар да қас шебердің қаламынан шыққан картинадай әсер қалдырады. Жайна бойын билеген қуаныштан жүрегі алып-ұшып, суреттерді қайта-қайта қарап отырғанда орман ішін күлкілерімен жаңғырықтырып, қабан қуған жігіттер жиналды: бәрі мәз, аңшылықтары сәтті болғаны көрініп тұр.

– Ал, жұрттан бөлініп кеткендегі олжаңыз қане? – деді бірі қағыта сөйлеп.

– Ізіне қарасаң қоян қуған сияқты: біресе анда, біресе мында секіріпті, – деді екіншісі де күле сөйлеп.

– Тұра тұрыңдар, жігіттер, – деді Сағидолла, – қарындастың жүзіне қарасаң, олжасы бізден кем емес сияқты...

Солай деді де, Жайнаның фотоаппаратына қол созды... Басқалары да ұмар-жұмар жиналып, фотоаппаратқа үңілді.

– Тууу, мынаны жіберіп қойғансыз ба?

– Қап! Қап! Қандай шашлықтан айрылып қалғансың!

– Мүйізі ше! Кез келген интерьердің сәні болар еді ғой! Қап!

– Ойбуй, мылтығыңды алмап па едің?

Фотоаппаратты қолдан қолға өткізіп, ah ұра сөйлеген жігіттерге қыз шошына қарады. Жаңа ғана кеудесін кернеген қуаныш оты бірте-бірте сөніп бара жатқанын сезініп, Жайна бұрылып жүре берді. Мына ең біткенді қырып-жою, атып алып, көуәп жасау ғана қызықтырған топта бір сәт те қалғысы келмеді.

Адымдай басып алыстай берген оны Сағидолла қуып жетіп, біраз жер қатарласа үнсіз жүрді. Сосын бұған:

– Суреттеріңіз тамаша шығыпты. Шынайы, табиғи... Әдейі түсірсе олай шықпас еді, – деді.

Жайна жан-дүниесіндегі алақұйын сезімнен қыстығып, бірдеңе десе жылап жіберерін сезді. Сондықтан ләм-мим деместен, әрі қарай жүре бермек болған. Кенет адын орағытқан Сағидолла мұны тоқтатып, өзіне қаратты да:

– Аңшының үйіндегі қалпыңыздан-ақ мен сіздің жүрегіңіз нәзік жан екеніндігі түсінгем. Іздегенім де сіз сияқты ермінез, әрі жаны табиғатпен туыстас қыз еді. «Кездестірем бе, жоқ па? Өмір бойы соқа басым сопайып өтетін шығармын» деп ойлайтынымын кейде. Енді, міне, таптым ба? Әңім бе, түсім бе?» деп өзіме-өзім сене алмай тұрмын. Рас болса, мені оятыңызшы, – деді көзіне үңілп.

Жайна жігітке жымия қарап, басын изеді.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА

«ҚАЙСАР» ПРЕМЬЕР-ЛИГАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Ел біріншілігінің 25-туры қызылордалық "Қайсар" үшін маңызды болды. Бұл ойында команда капитаны Мақсат Байжанов кәсіби мансабын аяқтау туралы шешім қабылдаса, турдың орталық матчында алаң иелеріне ұпайдан шашау шығармау керек болды. Өйткені "дала қасқырларына" тең нәтиженің өзі премьер-лига жолдамасын жеңіп алуға жеткілікті. Кездесуге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы келіп, "дала қасқырларына" қолдау көрсетті.

Турдың орталық матчына баланған кездесуде есеп ашылмады. Тоқсан минуттық тартыста бір ұпай еншілеген "Қайсар" 55 ұпаймен мерзімінен бұрын премьер-лигаға жолдама алды.

Ойын нәтижесінен кейін аймақ басшысы Сыр жанкүйерлерін "Қайсардың" премьер-лига жолдамасын жеңіп алуымен құттықтады. Сонымен қатар команда капитаны Мақсат Байжановқа құрмет көрсетті.

– Сыр спортының саңлағы, доп додасының дарабозы Мақсат Байжановтың үлкен спортпен қоштасу рәсіміне жиналып тұрмыз. Мақсаттың спорттық межесі мерейімен айшықталады. Ол жеңісті де, жеңілісті де бастан кешірген, бірақ жеңісі үстем, көргені көп, түйгені мол тарланбоз жігіт. Байжановтың бабы ел біріншілігінде 500-ге жуық ойын өткізіп, 80-ге жуық гол соққан мергендігімен де көрінді. Сондай қысылтаяң шақта команда жауапкершілігін арқалаудың аманаты ауыр болады. Міне, Мақсаттың мықтылығы осынысымен озық тұр. Сол себепті жанкүйерлер оны құрметтейді, қаншама жас буын оған қарап бой түзеуге тырысады. Сыр спорты жасай берсін, – деді облыс әкімі.

Шара барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мақсатқа Сыр халқының атынан теміртұлпар кілтін табыстады.

Сонымен қатар аймақ басшысы келер жылы Қызылордада жаңа стадион салу бастамасы қолға алынатынын айтты.

– Ресейдің Краснодар қаласында былтыр 10 мың орындық 12 миллион долларға жабық стадион салынған екен. Келесі жылы біз де сондай жаңа стадион құрылысын бастауға ниеттіміз. Бұл ұсынысты жерлестерім, ірі компаниялар және кәсіпкерлер қолдайды деп сенемін, – деді Н.Нәлібаев.

ТҰҢҒЫШ ГРОССМЕЙСТЕР

Жуырда шахматтан 20 жасқа дейінгі жастар арасында Әлем чемпионатыны өтіп, жерлесіміз Әсел Серікбай күміс жүлдегер атанды. Осылайша Әсел облыс тарихында тұңғыш рет гроссмейстер атағын қорғап қайтты.

Әселді жерлестері әуежайдан күтіп алды. Салтанатты күтіп алу шарасына облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рустемов, спортшылар, жастар және туған-туысы мен әріптестері қатысты.

– Шахмат ойыны шыдымдылықты, жауапкершілікті, ыждағаттылықты қажет етеді. Осындай талабы қатаң спорт түрінен облыс спортшылары жоғары табыстарды бағындырып келеді. Әселдің жеңісі – ортақ жетістігіміз. Ол қазірге дейін ел біріншілігінде 17 рет жеңімпаз атанса, 3 дүркін Әлем чемпионы болды. Оған қоса 7 мәрте Азия чемпионатында топ жарды. Ал жақында Италияда өткен Әлем чемпионатында күміс медальға қол жеткізді. Қуанарлығы, Әсел елімізде тоғызыншы, облыста алғашқы болып «гроссмейстер» атағын иемденді. Біз әлем біріншілігінде ел абыройын асқақтатқан нәзік те қайсар қызымызды мақтан тұтамыз, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары алдағы қараша айында өтетін Азия чемпионатында Әсел Серікбай мен Назерке Нұрғалиға сәттілік тіледі.

Көпшілік алдында Әсел Серікбай өзіне қолдау көрсеткен барша азаматтарға ризашылығын білдірді.

– Қуанышыма ортақтасып келгендеріңіз үшін рақмет айтамын. Италияда өткен бәсекеде жеңіске жеткеніме өте қуаныштымын. Алдағы уақытта жоғары табысқа қол жеткізуге күш саламын, – деді ол.

«ТҰРАН БАРЫСЫНДА» ТОП ЖАРДЫҚ

Елімізде алғаш рет қазақ күресінен «Turan Barysy» Азия кубогі өтті. Жарысқа Түркі мемлекеттері ұйымының мүшелері – Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Мажарстан және Қазақстан балуандары қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Қазақ күресінің жыл өткен сайын ауқымы кеңеюде. Әлемде 30-дан астам қазақ күресі федерациясы жұмыс істейді. Бүгінде елімізде осы спорт түрімен 120 мыңнан астам жас шұғылданады. Жыл сайын түрлі деңгейде 800-ден аса жарыс өтеді. Сонымен бірге халықаралық деңгейде Азия кубогі, Азия және әлем чемпионаттары секілді халықаралық турнирлер өтеді. Дүбірлі сында балуандар екі топқа бөлініп, айналмалы жүйеде күресті. Мәдениет және спорт министрлігі, «Qazaq kuresi» ассоциациясы, «Qazaqstan barysy» қазақ күресін қолдау және дамыту қорының ұйымдастыруымен өткен турнирге түркі елдерінің ең мықты спортшылары қатысты. Олардың арасында қазақ күресімен қоса, басқа да күрес түрлерінен халықаралық жарыстарда жүлде алып жүрген спортшылар да бар. Мысалы, Әзербайжан құрамасы атынан самбодан екі дүркін әлем чемпионы Эйваз Бақшиев (60 келі) бақ сынады. Ал Мажарстан құрамасы сапында дзюдодан Европа чемпионы Эндре Гунич (82 келі), дзюдодан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Европаның үш дүркін чемпионы Барна Бооур (+90 келі) Азия кубогінде жеңіс тұғырынан көрінуге барын салды. Дзюдодан Европа чемпионы атанған түркиялық Фуркан Гүнер да аянып қалмады.

Қазақ күресінен өткен халықаралық жарыста жақсы өнер көрсеткен Өзбекстан құрамасы сапында әлем чемпионы Умид Есанов (82 келі), әлем чемпионы, дзюдодан Азия чемпионы Еркін Козоков (90 келі), үш дүркін әлем чемпионы, қазақ күресінен екі дүркін әлем чемпионы Мухсин Хисомиддинов (+90 келі) бозкілемге шықты.

Ал Қазақстан сапында 90 келі салмақта белдескен Айдарбек Тоқтарбек бұлтыр қазақ күресінен әлем чемпионы атанған болатын. 90 килодан жоғары салмақта Ғалымжан Қырықбай – «Қазақстан барысы» республикалық турнирінің 2021 жылғы күміс, 2022 жылғы қола жүлдегері.

Еліміздегі үлттық спорт түрін дамыту және қолдау мақсатында ұйымдастырылған, тартысқа толы күрес бәсекесінің жартылай финалында Әзербайжан балуандарын қапы қалдырған қырғыз өрендері қола жүлдені иеленді. Ал ақтық айқас Қазақстан мен Өзбекстан балуандары арасында өтті. Айтулы доданың ақтық бәсекесінде 4:3 есебімен Қазақстан балуандары басым түсіп, «Turan barysy» додасының жеңімпазы атанды. Алғаш рет ұйымдастырылған күрес сайысында бірінші орын алған команда – 10 000 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлық алса, екінші орынға – 6 000 000, үшінші орынға 4 000 000 қаржылай сыйлық және арнайы кубок табыс етілді.

ФУТЗАЛШЫЛАР ЭЛИТАЛЫҚ РАУНДҚА ӨТТІ

Алматының «Қайраты» футзалдан өткен Чемпиондар лигасының топтық турнирінде үшінші орынды иеленіп, элиталық кезеңге жолдама алды.

Бельгияда өткен жарыстың соңғы кездесуінде «Қайрат» Франциянын «Спортингімен» сайысқа түсті. Бәсекені өте қарқынды бастаған ел футзалшылары алғашында үш доп айырмашылығымен алға шықты. Бұл голдардың авторлары – Дәурен Тұрсағұлов, Кайо және Диего Фаверо. Екінші кезең бел ортаға жеткенде қарсыластар тегеурінін күшейтті. Соның нәтижесінде Болиньа мен Финео есеп айырмашылығын қысқартты. Алайда одан әріге олардың әлі жетпеді. Осылайша 3:2 есебімен жеңіске жеткен алматылықтар элиталық кезеңде күш сынасу құрметіне ие болды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін «Қайрат» Бельгияның «Халле-Гооик» (2:2) және Испанияның «Пальма» (2:2) клубтарымен тең ойнаған еді.

Ал Рудныйдың «Аятына» ондай бақ бұйырмады. Алғашқы екі ойында олар Хорватияның «Ново Вриемесімен» (2:2) тең ойнағанымен, Португалияның «Спортингіне» (1:7) есе жіберді. Шешуші матчта отандастарымыз жергілікті «Пулеге» (2:5) жол берді.

ЖӘНІБЕК ҚАРСЫЛАСЫН ЖЕҢЕ АЛА МА?

Кәсіпқой бокстан WBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы 12 қарашада өз атағын қорғап қалу үшін Дензел Бентлимен күш сынасатыны белгілі болды.

Аталған ұйымның басшылығы АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өтетін жекпе-жекте жеңіске жеткен жағдайда Жәнібекке Хайме Мунгиямен жұдырықтасуды міндеттеді. Бұл қарсыластардың екеуі де өте мықты. Кәсіпқой боксты серік еткен бес жыл аралығында 27 жастағы Бентли 19 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске жетті. 14 қарсыласын нокаутқа жіберді. Бір рет ұтылып, тағы бір бәсекеде тең есеп тіркелді. Оның Ұлыбритания чемпионы деген атағы бар.

26 жастағы Мунгия 2013 жылдан бері кәсіпқой рингте өнер көрсетеді. Сол кезден бері 40 жекпе-жек өткізіп, бірде-бір рет жеңіліс дәмін татқан емес. 32 қарсыласын ұрып жықты. Мексиканың марқасқасы 2018-2019 жылдары бірінші орта салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанды. Кезінде ол Садам Әли, Лиам Смит, Брэндон Кук, Гари О'Салливан, Туреано Джонсон, Камил Шеремет, Габриэль Росадо, Димитриус Баллард, Джими Келли сынды саңлақтарды сан соқтырған. 2018 жылы Хайме Геннадий Головкинмен жұдырықтасуға тиіс еді. Алайда Невада штатының атлетикалық комиссиясы «Мунгияның тәжірибесі әлі толысқан жоқ» деп бұл бәсекені өткізбей тастады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОС ПАНЧЕРІ – АЗИЯ ҮЗДІГІ

Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында ММА бойынша Азия чемпионаты өтіп жатыр. Азия бірінші лігіне 18 елден 200 шақты спортшы жиналған. Қазақстанның атынан ұлтық құраманың 37 спортшысы қатысуда. Финалға шығу үшін 23 қазақстандық бақ сынаса, оның 15-і жекпе-жекті жеңіспен аяқтады.

Үшінші күн қазақстандық спортшылар үшін жарқын жекпе-жектермен және мерзімінен ерте жеңістермен ерекшеленді. Бірден екі қазақстандық панчер – Ерұлан Қабдулов пен Алик Домнич үздік мәрелердің ТОП бестігіне енді.

Жарыс күнін Қазақстан құрамасы 47,6 келі салмақта Туймегүл Жүнісінің жеңісімен ашты. Ол үндістандық спортшы Хушбу Нишадты ұтып, жеңіске жетті.

52,2 келі салмақта Ерұлан Қабдулов Үндістаннан келген Шабариш Аянарды үшінші раундта нокаутқа түсірді. Дархан Исмағұлов пен Руслан Әбдірахманов тәжікстандық спортшылар Вохид Шохидзода мен Исрофил Комилзодадан төрешілерінің шешімімен жеңіліп, қола жүлдегер атанды.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТАҢДАУЫ: ТОП - 5 КӨЛІК

Көшпенді өмір салтын ұстанып, ат үстінен түспеген қазақтар заман көшінен қалмай темір тұлпарды да тізгіндеп келеді. Тіпті, жыл сайын көлік сатып алушылар, тұтынушылар қатары көбеюде. «Акцентсіз» қазақ қазақ емес» деген әзілдің таралып кетуі – көлік таңдау мен сауда нарығында белгілі бір талғамның, мәдениеттің қалыптасып келе жатқанының белгісі.

Қазақтар мінетін топ-5 көлік бренді қандай? Елімізде сұранысқа сай жаңа көлік түрлері қамтамасыз етіліп жүр ме? Көлік құнында өзгеріс бар ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Көлік сұранысы оның бағасына тікелей байланысты. Сарапшылардың айтуынша, өткен жылдың есебімен қазақстандықтар ең көп алатын бес модельдің қатарына Chevrolet Cobalt, Chevrolet Nexia, Hyundai Accent, Toyota Camry және Hundai Elantra кіреді. Auto-people.ru сайтының статистикасы бойынша, 2021 жылы Қазақстан тұрғындары көбіне оңтүстіккореялық Hyundai брендінің автомобильдерін таңдаған. Ал осы жылдың қаңтар-ақпан айларының қорытындысы бойынша аталған бренд өнімдерінен 4,5 мыңнан астам автомобиль сатылды. Яғни, бір жыл бұрынғы нәтижемен салыстырсақ, сатылым көрсеткіші 2,2 есе өсті.

Ең жиі сатылған автомобильдер бойынша екінші орын Chevrolet брендіне тиесілі. Оның өнімдерін 4 мыңға жуық адам сатып алған. Үшінші орынға 2 мыңға жуық тұтынушының сұранысын қамтамасыз еткен жапондық Toyota компаниясы жайғасқан. Одан кейін ресейлік Lada келеді. Аталмыш брендтің автомобильдері осы жылдың алғашқы екі айында мыңнан астам данамен сатылды. Ал Оңтүстік Кореяның тағы бір өкілі – Kia көшбасшылардың бестігін аяқтайды. Алғашқы екі ай ішінде оның көліктерін 560 адам таңдаған.

Автоблогер Олжас Оқас: «Қазақтардың «камриге» деген махаббаты туралы проза да, поэма да жазуға болатын шығар. Бірақ орынсыз, негізсіз. Себебі камри баяғыдан бері сатылып келе жатыр. Олар өз тұтынушыларына сенім тудыра алды. Нәтижесінде біздің халық «камриді» шынымен де жақсы көріп қалды. Сондықтан компания да өнімдерінің бағасын қымбаттатуға құқылы», – дейді.

Көлік бағасы брендтің танымалдылығы мен тұтынушылар арасында қалыптастыра алған көзқарасқа тікелей байланысты десек артық емес. Себебі автоблогер айтқандай, көліксүйер қауымның сұранысы бар бренд иелері өз өнімдеріне кез келген бағаны қоя алады. Тіпті, жыл сайын, ай сайын шарықтаған көлік құны бірнеше жылдық дағдарыстың есесін қайтара алатыны анық.

Ал әзірге елде көлік бағасы бірнеше еселеп қымбаттайды немесе арзандайды деп болжам жасай алмаймыз. Бағаға қатысты тек бірнеше сценарийді қарастыруға болады. Алымдар мен салықтар азайса, көлік құны шынымен де арзандай түспек. «Бірақ барлығы бірден болмайды. Баға қандай жағдайда арзандайды? Нарықта сұраныстан гөрі ұсыныс көбейген кезде ғана. Мәселен, кішкене жаңа көліктер сайтта, базарда қаптаған кезде ауди 100 ешкімге керек емес болып қалады. Олардың бағасы төмендейді. Бірақ сұмдық қатты арзандап кетеді деуге сену қиын», – дейді автожурналист.



Айта кету керек, көптеген көліктің негізгі бөлшектері елімізге Корея мен Жапониядан келеді. Ол елдерде жұрттың табысы өзіне жетеді, орташа жалақы деңгейі бізбен салыстырғанда өте жоғары. Сондықтан автокөлік қана емес, басқа да техника сатып алуға жағдайы жеткілікті. Пандемия кезінде бұл елдерде автомобильге қарағанда теледидар, «ақылды» тоңазытқыш сынды тұрмыс техникасы көптеп сатылымға шықты. Сондықтан микročиптер тұрмыс техникасына жұмсалуда. Жапониялықтар үшін автокөлік саласы екінші орынға ығыса түсті, себебі бұл сала олардың қажеттілігіне кірмейді. Яғни, қажеттіліктерге баса назар аударып, ең маңызды өнімдерді өзімізден шығара алғанда ғана техника бойынша да, басқа сала бойынша да жетістікке жетеріміз анық.

Дина БӨКЕБАЙ

«BigMPC» - Ойна! Білімге ұмтыл!

Сыр өңірінде ұйымдастырылған «Болашақ біздің қолымызда» тақырыбындағы облыстық IT жобалар хакатоны жастарға үлкен мүмкіндік сыйлады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде ұйымдастырылған «Smart city Kyzylorda» концепциясы бірнеше ауқымды тақырыптағы үздік жобаларды қамтыған. Олардың қатарында Жұлдыз Абушееваның «BigMPC» мобильді қосымшасы бар.

Шара жастардың инновациялық жобалар мен ақпараттық технологияларға қызығушылығын арттыруды, әрі стартап жобаларды дамытуға бағытталды. «Әзірлеу» (Development), «Моделдеу» және «Медиа және білім беру» бағыттары бойынша өткізілген хакатон жаңашыл жастардың тың бастамаларына толы болды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты Жұлдыз Абушееваның хакатонға ұсынған жобасы мектеп оқушылары үшін қызықты тақырыптармен берілген. Білім ордасында диссертациялық еңбегін жазып жүрген ізденімпаз жас тақырыпқа сай қосымшаның жобасын әзірлеген. Бүгінде ол білім алумен қатар Тасбөгет орталығындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында информатика пәнінен сабақ беруде.

– Оқушылардың жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге қызығушылығын арттыру мақсатында жарыс түрінде жүргізілетін жаңа жобаны қолға алғым келді. Қазіргі таңда «Мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша информатика пәнінен цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы интерактивті тапсырмалар әзірлеу әдістемесі» тақырыбында диссертация жазып жатырмын. Осы еңбектің негізінде қосымша дайындаймын деп шештім. Бастапқыда ҰБТ-ға дайындық ретінде тест тапсыратын платформа құрастырғым келді. Бірақ тест тапсыру оқушылар үшін таптаурынды тақырып екені рас. Сондықтан бұл форматты ауыстырып, оқушылар бір-бірімен жарысып, логикалық сауалдарға жауап берсе қалай болады деп ойладым.

Нәтижесінде мобильді қосымша дүниеге келді. Қосымшаның атауы «Biology Informatics Geography Mathematics Physics Chemistry» сөздерінің қысқартылған нұсқасы бойынша таңдалды, – дейді Жұлдыз.

«BigMPC» мобильді қосымшасында оқушылардың білім деңгейіне қарай дәреже беріледі. Тіпті, ол жерде Youtube желісіне салынған әр түрлі пәндік сабақтың да сілтемесі көрсетіліп тұрады.

– Мобильді қосымшаны жасау идеясы ұялы телефонға жазу арқылы білімді тексеруге арналған «Dauletten»-нің «Aqyl Battle» ойынынан туындады. Өйткені, оқушылар осы ойынға қатты қызығатын. Сол ойынның форматын кеңейтіп, мектеп оқушыларына лайықталған нұсқада дайындадым. Қосымшаға оқушылар почта немесе телефон нөмерін енгізу арқылы кіре алады. Тіпті, мұнда топ құрып, бірнеше адам бір-біріне бәсекелес бола алады. Қосымшада мұғалімдер дайындаған онлайн курстар мен бейнесабақтар, дайындық сұрақтары да қамтылған. «BigMPC»-тің толық құрылымын қысқы мезгілге дейін бітіруге тырысудамын. Ал әзірге бастапқы нұсқасын жетілдірудемін. Бірнеше айдан соң Play market қосымшасына жобаның бірінші нұсқасын саламыз деп жоспарлап отырмыз. Бұл әзірге Android құрылғыларына ғана қолжетімді. Ал iPhone құрылғыларына арналған нұсқасын дайындауға арнайы бағдарламашы мамандардың көмегі қажет, – дейді еңбекқор жас.

Тағы бір қуантарлығы, аймақта осыған дейін бірнеше мәрте өткізілген IT жобалар хакатоны алдағы уақытта да ұйымдастырылады. Бұл жөнінде «Бизнес-старт» кәсіпкерлік орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбай келесідей пікір білдірді.

– Биыл «SMART CITY HACKATHON» IT жобалар байқауы төртінші мәрте өткізілуде. Студенттер мен оқушыларға арналған 12 жүлделі орынмен қоса басқа да қатысушыларға демеушілер есебінен арнайы сыйлықтар табысталды. Дәстүрлі түрде өтетін хакатон сайысы жастар арасындағы бәсеке мен білімділікті шындай түсеріне сенімдімін. Жастардың осындай шараларға қызығып, қатысқандары қуантады. Мұнымен тоқтап қалмаймыз. Айдың соңына дейін «PECHAKUCHA», ал жыл соңына дейін «Innofest» байқауын өткізетін боламыз, – дейді ол.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(3 – 9 қараша)

Тоқты
Достармен қарым-қатынаста тоқтылар белсенділік танытады. Қызықты хабарлардан құлақдар етіп отыратын адамдармен танысасыз. Той-жиынға шақыру келеді. Дәл қазір білім алу мен саяхаттау үшін таптырмас уақыт. Махаббат мәселесінде жолыңыз болғалы жүр.

Торпақ
Жұлдыздар ұстанымыңыз бен пікіріңізді соңына дейін қорғауға кеңес береді. Жақындарыңыз ойыңызды құптап, сізге жаңа мүмкіндіктер сыйлайды. Сонымен қатар достарыңызбен бірге жүріп, көңіл көтеретін қызықты күн күптір. Үйіңізде жасайтын мерекелік кештерге туысқандарыңызбен бірге достарыңызды да шақыруды ұмытпаңыз.

Егіздер
Бүгін өмірге жаңа көзқараспен қарауыңыз мүмкін. Бұл адамгершілік сынды терең ойлауды талап ететін мәселелерге қатысты болуы ғажап емес. Аталған әрекетіңізге соңғы күндері болып жатқан оқиғалар әсер етеді. Жан дүниеңіз толықтай өзгерді десек болады. Сүйіктіңізбен арадағы қарым-қатынас салқындамас үшін толықтай сенім артуды ұйрениңіз.

Шаян
Қаржы табу тәсілі өзгереді. Жинаған қорыңыздың тең жартысын жұмсауға тура келуі мүмкін. Денсаулығыңызды күтіңіз. Сүйген адамыңызды естен шығармағаңыз жөн. Ол сізден қолдау күтеді.

Арыстан
Қоршаған ортаға деген көзқарасыңызды өзгертуіңіз керек. Мәселе досыңыз бен сүйіктіңізге қатысты. Сүйіктіңіздің қарсылығына түсініктіңлен қараңыз. Өзіңізді оның орнына қойып көріңіз. Осы әрекетіңізден кейін ғана қарым-қатынастарыңыз жақсара түседі. Кей арыстандар романтикалық шытырман оқиғалардың бас кейіпкеріне айналады.

Бикеш
Отбасылы бикештер тізгінді жұбайына береді. Себебі, дәл қазір өзіңізге деген күдік басым. Бұған дейін мықты көшбасшы болып келсеңіз де, жағдай өзгереді. Ал жалғызбастыларға апта барысында көп ұсыныс түседі. Бірнеше үміткердің бірін таңдау мүмкіндігіне ие боласыз.

Таразы
Денсаулығыңызға мән беріп, дәрігерге қаралыңыз. Әрі спортпен белсенді түрде айналысуды ұмытпаңыз. Уақтылы ұйықтап, салауатты өмір салтын сақтанған дұрыс. Жұмыс пен демалатын уақыт арасында тепе-теңдік болуы тиіс.

Сарышаян
Отбасын құру туралы ұсыныс түсуі бек мүмкін. Алайда дәл қазір шаңырақ көтеретін уақыт емес. Бір-біріңізді қызғанып, артынша жаншал туындауы мүмкін. Ал отбасылы сарышаяндарда мәселе туындамайды.

Мерген
Парасаттылық күнделікті тұрмыста көп көмектеседі. Сіз адамдармен жылдам тіл табысасыз. Маңызды шешім қабылдауда жүректің емес, ақылдың көмегіне жүгініңіз. Отбасылық өмірде аздаған қиындықтар туындайды.

Тауешкі
Бұған дейін қабылдаған шешімдеріңізді қайта қарап, өзгеріс енгізесіз. Дәл қазір өзіңізді жан-жақтылыққа баулып, кемелдендіре түсуіңізге болады. Бейтаныс адамдарға сырыңызды айтудан сақтанғаныңыз. Оларға жеке өміріңізге қатысты детальдарды жария етпеңіз.

Суқұйғыш
Бұл жолы шешімді дұрыс қабылдайсыз. Бірақ қателіктерді түзетуді ұмытпаңыз. Сіз өзіңізге және өзгелерге сын көзбен қарай аласыз. Шешім қабылдауда өзгелермен ақылдасқаныңыз жөн, бірақ соңғы сөзді тек өзіңіз айтуыңыз керек екенін ұмытпаңыз. Жаңа таныстықтардан бас тартыңыз.

Балықтар
Қаржыны жаратуда түрлі қиындық туындайды. Сол себепті ақшаға қатысты жоспар құрмағаныңыз жөн. Бойыңызда сенімсіздік басым болса да, шешімді өзіңіз қабылдап, өз бетіңізше жұмыс істеуіңізге тура келеді.

Көзқарасты редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7399
Тапсырыс: 1853